БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Ленин туы

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 253 (9571) ‖ 1954 жылғы 22 декабрь Сәрсенбі ‖ Шығуына 35 жыл. жеке саны 20 тиын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

РСФСР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ (1-бет).
И. В. Сталиннің туғанына 75 жыл толуына (1-бет).
«Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтар комитетінде (1-бет).
1954 жыл үшін «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтар беру туралы (1-бет).
Совет жазушыларының Бүкілодақтық II-съезі (1-бет).
СОВЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ: **Д. Әуелбеков.** —Бір ауылдық Советтің мәдениет орындарына басшылығы туралы (2-бет).
Совет Үкіметінің Великобритания үкметіне нотасы (2-бет)
**Ф. Петров.** —Жергілікті бюджеттің орындалуын қамтамасыз етейік (2-бет).
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ АГРО- ЗОО-ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМІН АРТТЫРА БЕРЕЙІК: **З. Тонгиев.** —Совхозда оқу ұйымшылдықпен жүргізілуде. (3-бет).
КӘЗІРГІМІЗ БЕН БОЛАШАҒЫМЫЗ: **С. Сибғатуллин.** —Мол табысты шаруашылық (3-бет).
**М. Козырев.** —Қысқы маусымда ауылшаруашылық машиналарын қалай сақтау керек (3-бет).
**В. Ахраменко.** Паровозшылардың игілікті ісі (3-бет).
БІЗДІҢ КАЛЕНДАРЬ: **В. Калинин.**—Марко Вовчок (4-бет).
**А. Шатилов.** —Халықаралық шолу (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

## Бағалы инициативаны қолдану—маңызды міндет

Конюхов ауданындағы «Красная крепость» колхозының мүшелері мал қыстатуды табысты өткізу жолындағы социалистік жарысты ұйымдастыру туралы жаңа инициатива көтерді. Демек, бұл колхоздың мүшелері мал қыстатуды үлгілі өткізу үшін социалистік жарысты кеңінен өрістету жөнінде облысымыздың барлық колхозшыларына, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшыларына, ауыл шаруашылығының мамандарына үндеу қабылдады.

«Красная крепость» колхозы аудандағы алдыңғы қатарлы колхоздардың бірінен саналады. Бұл колхозда малдың саны және оның өнімділігі жыл сайын артып келеді. Үстіміздегі жылы мұнда сыйыр малының саны өткен жылғымен салыстырғанда 8,5 процент, оның ішінде сауын сыйырлар 22 процент, шошқа 37 процент, қой 22,2 процент, құс 35 процент артты. Әрбір сауын сыйырдан өткен 11 айда 1500 литрден сүт сауылды, әрбір қойдан 3,3 килограмм жүн қырқылып, әрбір мегежіннен 12 торай алынды.

Колхозшылардың мал шаруашылығын алда тұрған жаңа талапқа сай өркендете беру ісіне белсене қатысуларының нәтижесінде колхоз мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспарын ойдағыдай орындап шықты. Мемлекеттік сатып алу орындарына 383 центнер ет, 287 центнер сүт сатып, көп пайда тапты. Кәзір бұл колхоз мал шаруашылығы өнімдерін келесі жылдың есебіне тапсыруда. Быйыл колхоздың жалпы табысы 1 миллион 324 мың 446 сом болып отыр. Мұның ішінде мал шаруашылығынан алынған табыс 543 мың сом. Мал өсірушілердің әрбір еңбеккүніне 2,5 килограмнан астықтай және 4 сомнан ақшалай табыс бөлінді. Озат мал өсірушілерге қосымша ақы төленді.

Аталған колхоз быйыл мал қыстатуды ойдағыдай әзірлікпен бастады. Бұрынғы қоралар жөндеуден сапалы өткізіліп, бірсыпыра жаңа қоралар салынды. Сөйтіп, түліктің барлығы жайлы қорамен жабдықталды. Мал азығы толық дайындалып, ол фермалардың жанына тасылып үйілді. Кәзір мұнда 900 тонна сүрленген шөп, 200 тонна тамыржемістер бар. Сабақты азық малға туралып, буландырылып, нәрлендіріліп беріледі. Колхоз председателі П. Константинов, партия ұйымының секретары М. Григорьев, зоотехник А. Басова ...

... тандықпен қарсы алып, талқылады. Үндеуді талқылауға арналған жыйналыста колхозшылар малды қыстан күйлі, аман алып шығу үшін көтеріңкі міндеттемелер алып, өзара социалистік жарысқа түсті. Кәзір колхозда малды күту, азықтандыру жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде. Күн сайын 3 трактор, 15 көлікпен фермаларға шөп тасылады. Шөп және сабан тасу жұмысы жақында толық аяқталғалы отыр. Сабақты азық малға туралып, буландырылып, нәрлендіріліп беріледі. Мал азығын тасуда және оны малға әзірлеп беруде 25 адам үздіксіз жұмыс істейді. Малдың барлығы жасына, қоңдылығына қарай іріктеліп, арнаулы қораларға орналастырылған. Колхоз председателі Минков, партия ұйымының секретары Ситников жолдастар фермаларда үнемі болып, онда социалистік жарыстың орындалу барысын бақылап отырады. Мал шаруашылығы мамандарының мал өсірушілерге көмегін ұйымдастырады.

Алайда, «Красная крепость» ауылшаруашылық артелі колхозшыларының игілікті бастамасын талқылау, сөйтіп, көпшіліктің игілігіне айналдыру ісі бірқатар жерлерде кешіктіріліп отыр. Бұл жағдайға тіпті де шыдауға болмайды.

Қоғамдық мал шаруашылығын өркендету, мал қыстату маусымын үлгілі ұйымдастыру жөніндегі үндеуді колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің арасында талқылау, сөйтіп, бұл жөнінде әрбір шаруашылық бойынша, ферма бойынша, жеке мал өсірушілер бойынша социалистік міндеттеме қабылдауды қамтамасыз ету—бастауыш партия ұйымдары мен аудандық партия комитеттерінің бүгін тандағы кезек күттірмейтін шұғыл міндеттерінің бірінен саналады. «Красная крепость» колхозы мүшелерінің үндеуі талқыланған жыйналыстарда мал қыстату маусымын ұйымдастыруда орын алып келген кемшіліктерді әсіресе, жемшөпті мал базаларына тасу, оны өңдеп беру, ұқыпты жұмсау жұмыстарында орын алған кемшіліктер батыл сыналып, бұл жөнінде нақтылы шаралар белгіленуге тиіс. Бұл үшін төменнен көтерілген сынды барынша қолдап, мал өсірушілердің бағалы ұсыныстарын жүзеге асырудың, кейбір басшылардың кертартпа керенау зыянды пікірлерін батыл сынаудың зор маңызы бар.

Мал қыстату маусымын үлгілі ұйымдастыру жөнінде социалистік міндеттеме ...

## И. В. СТАЛИННІҢ ТУҒАНЫНА ЖЕТПІСБЕС ЖЫЛ ТОЛУЫНА

Москва еңбекшілері, бүкіл совет халқы сыяқты, 21 декабрьде В. И. Лениннің сенімді шәкірті және серігі Иосиф Виссарионович Сталиннің туғанына жетпісбес жыл толуын атап өтті.

Астананың заводтарында, фабрикаларында, құрылыстарында, мекемелерінде және әскери бөлімдерде бұл күндері И. В. Сталиннің өмірі мен қызметі туралы, Коммунистік партияның басшылығымен совет халқының қол жеткен ұлы табыстары туралы әңгімелер өткізілуде. Кеше Сталин атындағы автомобиль заводының, «Серп и Молот» металлургия заводының, «Париж коммунинасы» аяқкиім фабрикасының цехтарында және басқа да кәсіпорындарында әңгімелер өткізілді.

Көптеген кітапханаларда, кәсіпорындарында, клубтарда даңқты күнге арналған көрмелер ұйымдастырылуда.

19 декабрьдегі жексенбіде бес мыңнан астам адам Москвадағы В. И. Ленин атындағы Орталық музейде болды. Мұнда Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің негізін салушы данышпан В. И. Ленин туралы материалдармен қатар оның сенімді шәкірті және серігі И. В. Сталиннің өмірі мен революциялық қызметін суреттейтін экспонаттар және документтер қойылған.

* * *

ТБИЛИСИ, 20 декабрь. (СОТА). Заводтарда, фабрикаларда, колхоздарда, совхоздарда, мекемелерде, оқу орындарында В. И. Лениннің сенімді шәкірті және серігі, Лениннің ісін ұлы алға апарушы И. В. Сталиннің туғанына жетпісбес жыл толуына арналған көрмелер мен кештер ұйымдастырылуда. В. И. Ленин музейінің бұрынғы Авлабардағы большевиктердің жасырын баспаханасы болған Тбилиси филиалына келуші экскурсанттардың саны артты. И. В. Сталин туған және балалық шағын өткізген Горидегі музей-үйге адамдар көп келуде. Олар Коммунистік партияның ерлік тарихын және Ленин мен Сталиннің халық бақыты жолындағы оған тығыз байланысты күресін баяндайтын документтерді толқып оқыйды. Тбилисидегі, Батумидегі, Чиатуридегі тарихи жерлерге көптеген экскурсиялар жасалуда.

Тбилисидің Сталин атындағы паровоз-вагон жөндеу заводының карт жұмысшылары жастарды өздерінің көптеңгі кәсіпорнының даңқты революциялық дәс- ...

Лениннің сенімді шәкірті және серігі — Иосиф Виссарионович Сталиннің өмірі мен қызметі туралы әңгімелер, лекциялар мен баяндамалар өткізілуде. Бүгін Киров заводының және Сталин атындағы металл заводының, «Советская звезда» жіп иіру комбинатының, «Красное знамя» трикотаж-шұлық фабрикасының цехтарында және қаланың көптеген басқа да кәсіпорындарында әңгімелер өтті.

Мәдениет Сарайлары мен Үйлерінде, жұмысшылар клубтары мен кітапханаларында И. В. Сталиннің туғанына 75 жыл толуына арналған көрмелер ұйымдастырылуда.

* * *

КИЕВ, 20 декабрь. (СОТА). Украина еңбекшілері В. И. Лениннің сенімді шәкірті және серігі—Иосиф Виссарионович Сталиннің туғанына 75 жыл толуын атап өтуде.

Лениннің өлмес ісін ұлы алға алып барушыны Украин халқы ұқыптылықпен есте сақтауда. Индустриялы Донбасста және жауынгер қала—Одессада, Харьковте және Львовте, Украинаның селоларында еңбекшілер үшін И. В. Сталиннің өмірі мен қызметі туралы, Коммунистік партияның данышпандық басшылығы арқасында совет халқының қолы жеткен көрнекті жеңістері туралы лекциялар және баяндамалар оқылуда, әңгімелер өткізілуде. Көптеген қалалық, аудандық, селолық кітапханаларда И. В. Сталиннің туғанына 75 жыл толуына арналған көрмелер, фотовитриналар ашылды.

Бұл күндері В. И. Ленин атындағы Орталық музейдің филиалында көптеген жұмысшылар, құрылысшылар, студенттер, Совет Армиясының жауынгерлері болды. Тек өткен жексенбіде онда 1100-ге жуық адам болды. Музейдің лекторлары және ғылми қызметкерлері Киев кәсіпорындарының еңбекшілері алдында «И. В. Сталиннің туғанына 75 жыл» деген лекциялар оқуда.

* * *

МИНСК, 20 декабрь. (СОТА). Лениннің ісін ұлы алға алып барушы, марксизм-ленинизмнің көрнекті теоретигі И. В. Сталиннің туғанына 75 жыл толуын Белоруссия еңбекшілері кеңінен атап өтуде. Минскінің, Витебскінің, Гомельдің, Гродноның және басқа да қалалардың кәсіпорындарында мекемелері мен оқу орындарында, колхоздар станцияларында И. В. Сталиннің өмірі мен қызметі туралы лек- ...

## „Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін“ халықаралық Сталиндік сыйлықтар комитетінде

11, 14 және 18 декабрьде академик Д. В. Скобельцынның председательдік етуімен «Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтар комитетінің мәжілістері өткізілді.

Комитет быйылғы жыл үшін халықаралық Сталиндік сыйлықтар беру туралы түскен ұсыныстарды қарап, бұл мәселе бойынша қарар қабылдады.

Төменде комитеттің 1954 жыл үшін халықаралық Сталиндік сыйлықтар беру туралы қаулысы жарияланып отыр.

## 1954 жыл үшін „Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін“ халықаралық Сталиндік сыйлықтар беру туралы

### „Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін“ халықаралық Сталиндік сыйлықтар комитетінің 1954 жылғы 18 декабрьдегі қаулысы

Бейбітшілікті сақтау және нығайту ісіндегі күрестегі үздік еңбектері үшін мына адамдарға **«Халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін» халықаралық Сталиндік сыйлықтар** берілсін:

1. Деннис Ноэль **Приттаға** —заң қызметкері (Англия);

Ален **Ле Леапқа** —Жалпы еңбек конфедерациясының бас секретары (Франция);

Такин **Кодо Хмаингке**—жазушы, Бирма);

Бертольд **Брехтке** —ақын және драматург (Германия);

Феликс **Иверсенге** —Хельсинки қаласындағы университеттің профессоры (Финляндия);

Андрэ **Боннарға** —Лозанн университетінің профессоры (Швейцария);

Бальдомеро **Санин Каноға** — Эдинбург және Боготин университеттерінің профессоры, құрметті докторы (Колумбия);

**Прийсноға** —Джакартадағы Мемлекеттік университеттің профессоры, әдебиет факультетінің деканы (Индонезия);

Николас **Гильенге** —ақын (Куба);

**Комитеттің Председателі Д. В. СКОБЕЛЬЦЫН.**
**Комитеттің Председателінің орынбасарлары**
**ГО МО-ЖО** (Қытай).
**ЛУИ АРАГОН** (Франция).

Комитеттің мүшелері:

**Анна Зегерс** (Германия), **Антонио Банфи** (Италия), **Джон Бернал** (Англия), **Ян Дембовский** (Польша), **Пабло Неруда** (Чили), **Михаил Садовяну** (Румыния), **Сахиб Синг Сокхей** (Индия), **Г. В. Александров** (ССРО), **А. А. Фадеев** (ССРО), **И. Г. Эренбург** (ССРО).

18 декабрь. 1954 жыл.
Москва қаласы.

## ЖОСПАРДАН ТЫС ӨНДІРІЛГЕН МЫС

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Ертіс мыс қорыту заводының коллективі бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыста жаңа табыстарға жетті. Кеше ...

... рін кеңінен қолданудың нәтижесінде өндірілетін металл мөлшері жоспардағыдан 11 процент артты. Қосалқы жұмыстарды механикаландыру спекатель машиналары, сол сыяқты қорыту пештерін пайда- ...

ұқыпты жұмсалуына және малдың тойына азықтандырылуына ерекше көңіл бөліп отырады. Олар әрбір фермада жиі болып, еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына үнемі көмектеседі.

Колхоз мүшелері өздерінің осы қол жеткен табыстарын баянды етіп және мал шаруашылығында бұдан да жоғары көрсеткіштерге жету үшін көтеріңкі міндеттемелер алды. Қазір олар алған міндеттемелерін абroймен орындап шығу жолында аянбай еңбек етуде.

ҚКП облыстық комитетінің бюро мәжілісі «Красная крепость» колхозы мүшелерінің көтерген инициативасын мақұлдап, аудандық партия комитеттерін, колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдарын «Красная крепость» колхозы мүшелерінің үндеуін колхозшылардың, МТС және совхоз жұмысшыларының, ауыл шаруашылығы мамандарының жиналыстарында талқылауды ұйымдастыруға міндеттеді. Сонымен қатар ол жиналыстарда жемшөпті фермаларға толық тасып алу, оны үнемдеп жұмсау, малға әзірлеп беру, осы арқылы малдың қоңдылығын төмендетпей, өнімділігін еселеп арттыру жөнінде социалистік жарысты кеңінен өрістету шараларын белгілеуді, ол белгіленген шараларды мінсіз жүзеге асыруды ұсынды.

Бұл күндері облысымыздың жекелеген колхоздары мен совхоздарында «Красная крепость» колхозы мүшелерінің үндеуін талқылауға арналған жиналыстар өтіп жатыр. Ол жиналыстарда колхозшылар мен совхоз жұмысшылары және мамандары барлық түлікті қыстан әрі аман, әрі күйлі алып шығу үшін ішкі мүмкіншіліктерді есептеп, мал қыстатуды табысты өткізудің шараларын белгілеуде және оны жүзеге асыруда.

Бұл жөнінде мысалға Конюхов ауданындағы «30 жылдық Қазақстан» колхозындағы жағдайды айтуға болады. Бұл колхоздың мүшелері «Красная крепость» колхозы мүшелерінің үндеуін қанағаттанғанда әрбір шаруашылықтың ішкі резервтері мен мүмкіншіліктері толық есепке алынуы қажет. Әрбір шаруашылық, ферма, жеке мал өсірушілер бойынша қабылданған социалистік міндеттеме қоғамдық малдың қыстан қоңды шығуын, оның өнімділігінің кемімеуін, төл алу маусымының үлгілі ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Социалистік міндеттеме қабылдау игілікті істің бастамасы ғана. Әңгіме мынада. Социалистік жарыста қабылданған міндеттемелердің мүлтіксіз жүзеге асырылуын ұйымдастыру қажет. Мал қыстату маусымын өткізу жөніндегі бүкіл ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмыстың мазмұны, міне осы мақсатқа бағытталуы керек.

Мал өсірушілердің өндірістік жиналыстарында, үгітшілердің әңгімелерінде социалистік жарыстың барысына үнемі қорытынды жасалып, озат шаруашылықтар мен жеке мал өсірушілердің тәжрибелері әрқашан насихатталып отыруға тиіс. Әрбір фермада социалистік жарыстың барысы көрсеткіш тақталары мен жауынгерлік листоктарда үнемі әйгіленетін болсын. Бастауыш партия ұйымының жиналыстарында мал қыстату маусымын ұйымдастыру жөніндегі социалистік жарыстың барысы туралы арнаулы мәселелер талқыланып, жұмыста орын алған кемшіліктерді батыл жоюдың шаралары кезінде белгіленуге тиіс. Бұл жөнінде бастауыш партия ұйымдарына, аудандық партия комитеттерінің аймақ жөніндегі топ қызметкерлері үнемі көмек көрсетіп, ұйымдастыру және саяси жұмыстың мазмұнын арттыра беруге міндетті.

Колхозшы шаруалар, МТС, совхоз қызметкерлері! «Красная Крепость» колхозы мүшелерінің патриоттық бастамасына еңбектегі жаңа табыстармен жауап беріп, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуді партия мен үкмет алға қойған міндеттер дәрежесіне сай ұйымдастырайық!

жолдас жұмысшылардың марксистік үйірмесін басқарған болатын.

* * *

ЛЕНИНГРАД, 20 декабрь. (СОТА). Бүкіл совет халқымен бірге Ленинград еңбекшілері И. В. Сталиннің туғанына 75 жыл толуын атап өтуде.

Кәсіпорындары мен құрылыстарда, мекемелер мен оқу орындарында В. И. ...

Белорусс ССР-нің Мемлекеттік кітапханасында И. В. Сталиннің туғанына 75 жыл толуына арналған әдебиет көрмесі ашылды. Онда И. В. Сталиннің еңбектері, оның өмірі мен қызметі туралы әдебиеттер қойылған. Бұл сияқты көрмелер облыстық және қалалық кітапханаларда, партия комитеттерінің кітапханаларында ашылды.

## Жылдық жоспар мерзімінен бұрын орындалды

ҚАРАҒАНДЫ. (КазТАГ). Облыстың жергілікті өнеркәсіп орындары жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Быйыл өткен жылғыға қарағанда төрт миллионнан аса сомның көпшілік тұтынатын бұйымдары артық өндірілді, бесжылдықтың аяғына жоспарланған өндіріс дәрежесінен біржарым есе асырып түсірілді.

Қамыстан үй қабырғасына пайдаланылатын және төбе жабатын материалдар жасау игерілді. Жаңа жерлер игерілетін аудандар үшін тұрғын үйлер мен мал қораларының құрылыс бөлшектерінің жүздеген комплектісі дайындалды.

та бастады. Федотовтың сменасы тапсырмаға қосымша металды бәрінен де көп қорытты.

Мыс қорытушылардың кәсіпорнының жабдығын неғұрлым жақсы пайдалану жолындағы күресі көп пайда келтірді. Мыс қорытудың шапшаңдатылған әдістелануды жақсартуға мүмкіндік туғызды. Мұның нәтижесінде металшылардың еңбек өнімділігі 110 процентке дейін артты.

Ертіс мыс қорытушылары быйылғы жылы бес миллион сомнан аса қаржы үнемдеді.

## БІРЖАРЫМ МИЛЛИОН СОМ ҚАРЖЫ ҮНЕМДЕЛДІ

ЖЕЗҚАЗҒАН. (Қарағанды облысы). (КазТАГ). Жезқазған кен басқармасының кәсіпорындарында үстіміздегі жылдың басынан бері кен шығаруды арттыруға және кен жөнелтуді тездетуге бағытталған жүзге жуық рационализаторлық ұсыныстар жасалды. № 42-47 шахтаның инженерлері Мухин және Харламов жолдастар руда қопарудың жаңа әдісін тауып, оны өндіріске енгізді. Бұл кеншілердің еңбек өнімділігін шұғыл арттырды. Екінші бір маңызды жаңалық—аралық бункер жасау; ол руданы тартабан темір жолдың вагондарына тікелей тиеуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы жылына 300 мың сом қаржы үнемделеді.

Механик Толмачев, слесарьлар Звягильский мен Синяков, техник Кузьмин бағалы жаңалық ұсыныстар енгізді. Рационализаторлық ұсыныстарды пайдалану жылына біржарым миллион сом қаржы үнемдеуге мүмкіндік жасады.

# Совет жазушыларының Бүкілодақтық II съезі

18 декабрьдегі таңертеңгі мәжліс **Мырза Ибрагимовтің** председательдік етуімен өтті, онда А. Сурковтың баяндамасы мен Б. Полевойдың, С. Вургунның, К. Симоновтың қосымша баяндамалары онан әрі талқыланды.

Бірінші болып **В. Каверин,** сөйледі. Шешен журналдар мен баспа орындарының редакциялық жұмысының дәрежесін арттыру қажет екенін айтты.

Мінбеде—Белоруссияның белгілі жазушысы **П. Бровка.** Республика көркем әдебиетінің жетістіктерін көрсете келіп, ол Белоруссия жазушыларының барлық шығармалары бірдей көркемдік жағынан жоғары дәрежеде жазылмағанын айтты.

Поляк жазушылары одағының председателі, «халықтар арасындағы бейбітшілікті нығайтқаны үшін», халықаралық Сталиндік сыйлықтың лауреаты **Леон Кручковский** съезге поляк жазушыларының атынан жалынды сәлем жолдады.

Ақын **А. Прокофьев** Ленинградтағы үнемі өсіп отырған әдеби еңбектерді кеңінен тарата алатын журналдардың санын көбейту қажеттігін айтты. Жаңадан құрылатын «Нева» журналы жаңа трибуна болады. Мұнымен бірге, деп атап көрсетті А. Прокофьев, балаларға арналған журналдарды қайта шығара бастау керек. Мемлекеттік балалар әдебиетінің баспасы шығаратын 3 альманахта 101 автор жұмыс істейтінін айтсақ жеткілікті болады. А. Прокофьев бұдан былай жергілікті жазушылар ұйымдарына өз бетімен жұмыс жүргізуге ерік беруді, атап айтқанда, жаңа мүшелер қабылдауға право беруді ұсынды.

Совет драматургиясы туралы қосымша баяндама жасау үшін **А. Е. Корнейчук** жолдасқа сөз берілді.

Ұлы Коммунистік партиямыз,—деді ол, біздің драматургиямен театрдың шын мәнінде халықтық болуы үшін игілікті міндетті атқаруға шақырады. Біздің өміріміз ұлы істерге қандай бай болса, драматургия мен театр да мазмұны жағынан сондай бай болуға тиіс. Біздің өміріміз оқиғаларға қандай бай әрі сан алуан әсем түрлі болса, драматургия мен театр осы оқиғаларды сахнада алуан түрлі етіп бейнелеуге, сондай бай болуға ұмтылуға тиіс. Баяндамашы мысалдар келтіріп, советтік өмір шындығының социалистік құрылыстың әртүрлі кезеңдеріндегі барлық жағы айқын және толық бейнеленген пьесаларды атап өтті, драматургиядағы тақырыптар мен жанрлардың көптігі туралы айтты.

30-жылдар совет адамының еңбегін, сүйіспеншілігін, тұрмысын, күресін, достығын, жауға деген өшпенділігін неғұрлым терең әрі көркем баяндайтын шығармалар туып, совет драматургиясының есейген жылдары болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында жазылған таңдаулы пьесаларда фашизмге қарсы күресте ұлы жеңіске жеткен совет халқының ерлігі бейнеленді. Партияның ұлы көсемі және совет мемлекетін орнатушы В. И. Лениннің образын жасау совет драматургиясының орасан зор жетістігі болды.

Алайда соғыстан кейінгі жылдарда драматургтер мен театр қайраткерлерінің кейбір бөлегі арасында жайбарақаттыққа салынушылық та болды. Оларға соғыстан кейін қол қусырып, жай отыруға болатын сияқты көрінеді.

Партия біздің искусствомыз үшін мұндай жат жағдайға төзіп отыра алмады. 1946—1948 жылдарда идеологиялық мәселелер жөнінде тарихи қаулылар қабылданды. Партияның Орталық Комитетінің қаулылары Совет әдебиетін онан әрі өркендетудің перспективаларын көрсетті. Коммунистік қоғам орнату дәуіріндегі оның принциптік жаңа сипаттарын белгілеп берді. Совет искусствосы жеңген адамның—совет адамының моральдық көріктігі мен күшін бүкіл дүние жүзіне көрсетуге тиісті болды.

Баяндамада ұнамды кейіпкер проблемасына үлкен орын берілді. Өмірді оның барлық қыйыншылықтары мен көре білу, өмірдегі шындыққа сыйымды тартыстарды байқай білу ұнамды кейіпкердің әсерлі образын жасаудың қажетті шарты болып табылады. Соғыстан кейінгі драматургияның таңдаулы шығармаларында бұған қол жетті. Алайда «тартыссыздық теориясы» драматургияның өркендеуіне және оның басты кейіпкері—совет адамдарының шындыққа сыйымды етіліп көрсетілуіне кедергі жасамай қойған жоқ.

Баяндамашы драматургияның өмір шындығынан таюының, социалистік реализм принциптерінен таюының зор хаупі туралы, өмір шындығын мәнерлеп көрсетудің зияны туралы айтты. Ол С. Михалковтың «Жоғалған үй», А. Волковтың «Ксения», Б. Фаянс пен М. Сагаловичтің «Мемлекеттік кеңесші», К. Крапиваның «Мүдделі адам» деген пьесаларын сынады; бұл пьесалардағы тартыс өзінің мәні жағынан ұзақ және олардағы ұнамды кейіпкер нанымсыз, солғын шыққан, өйткені оның күресетін мақсаты жоқ, ал, оның идеалдары кесілді жағдайлармен белсенді күрес жүргізбейінше ашық көрсетілуі мүмкін емес.

Корнейчук жолдас совет драматургиясының міндеттеріне, атап айтқанда, сатиралық шығармалар жасау, театрлардың драматургтар мен творчестволық ынтымағын онан әрі нығайту, балаларға арналған драматургияны жақсарту, пьесалардың тілін жетілдіру, драма теориясының мәселелерін шешу міндеттеріне тоқталды.

Идеялық пен реализмді толық және терең меңгеру керек, өзінің профессиональдық шеберлігін қажымай талмай арттырып, біздің өмір шындығының ең маңызды жақтарын бейнелей білу керек,—совет драматургтерінің ең шұғыл міндеті, міне, осы болып табылады.

* * *

18 декабрьде мәжлісте **С. А. Герасимов** Совет кино драматургиясы туралы қосымша баяндама жасады.

Бұдан кейін сөз сөйлеген қарт совет жазушысы **Ф. Гладков** жазушыларды Алексей Максимович Горькийдің өсиетінен үлгі алып, халыққа адал қызмет етуге шақырды. Совет жазушылар одағының жұмысына тоқтала келіп, Гладков жолдас, Одақ әкімшілік емес, творчестволық ұйым, жас әдебиетшілердің мектебі және олардың көркемсөз шеберлерімен байланысының ынтымақты орны болуға тиіс.

ССРО халық артисі **Н. Черкасов** совет жазушыларының театр және кино искусствосы алдындағы борышын әлі орындай алмағандығы туралы айтты. Біз, деді ол, дүние жүзіндегі бірінші театрлы державамыз.

Біздің еліміздің барлық түпкірлерінде әрбір кеш сайын миллиондаған зрительдер театрлардың залдарын лық толтырады. Олар сценадан біздің нағыз өміріміздің шындығынан туған оқиғалар мен образдар жыйнағын көргісі келеді.

**Н. Рыбак** өзінің сөзін советтік тарихи роман мәселелеріне арнады.

Жыйналғандар белгілі неміс жазушысы **Анна Зегерсті** жылы шырайымен қарсы алды. Ол Герман Демократиялық Республикасының өсіп келе жатқан жас әдебиетінің жетістіктері мен міндеттерін сыйпаттап, сөз сөйледі. Ол ГДР-де халықтың ынтасы әдебиетке зор арта түскен жағдайда совет әдебиетінің үлкен роль атқарып отырғандығы туралы айтты. Біздің жастарымыз, деді ол, совет романдарын құмарта оқиды.

ГДР жазушыларының творчествосында еңбек тақырыбының көрнекті орын алғанын әдебиетке жұмысшылардың өздері де қатысып отырғанын айта келіп, Анна Зегерс бұл жасампаз процесті Батыс Германиядағы әдебиет өміріндегі құлдыраушылыққа қарама-қарсы қойды.

Бұл съезге қатысу, деді Анна Зегерс, сөзінің қорытындысында, бізге өмірдің өлімге қарсы, болашақтың өшіп бара жатқанға қарсы ұлы күресі ісіне өз үлесімізді қосуға көмектеседі.

(СОТА).

## РСФСР Жоғарғы Советі мен еңбекшілер депутаттары РСФСР өлкелік, облыстық, округтік, аудандық, қалалық, селолық және поселкелік Советтерінің сайлауын өткізу туралы

*РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Указы*

1955 жылғы 18 февральда РСФСР-дің үшінші шақырылған Жоғарғы Советі өкілдігінің бітуіне және 1955 жылғы 22 февральда—төртінші шақырылған еңбекшілер депутаттары РСФСР өлкелік, облыстық, округтік, аудандық, қалалық, селолық және поселкелік Советтерінің өкілдігінің бітуіне байланысты РСФСР Жоғарғы Советінің Президиумы **қаулы етті:**

РСФСР Жоғарғы Советінің және еңбекшілер депутаттары РСФСР өлкелік, облыстық, округтік, аудандық, қалалық, селолық және поселкелік Советтерінің сайлауы 1955 жылғы 27 февральда жексенбі күні өткізілсін.

**РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі** **М. ТАРАСОВ.**

**РСФСР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары** **И. ЗИМИН.**

## ҚҰРАСТЫРМАЛЫ ҮЙЛЕР

ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігінің кәсіпорындары стандарт үйлер шығаруды ұлғайтуда. Бұл үйлер Магнитогорскінің, Сталиноның, Закавказьенің металлургтеріне, Қазақстанның, Сибирьдің және Поволжьенің совхоздарына жөнелтілуде.

Қазақстан совхоздары—Степной, Первомайск, Октябрь, Ұзынкөл шаруашылықтары жаңа үйлерді алуда.

(СОТА).

# СОВЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ

## Бір ауылдық Советтің мәдениет-тұрмыс мәселелеріне басшылығы туралы

Преснов ауданындағы Баян ауылдық Советінің қамтуында екі колхоз («Баян», Киров атындағы) бар. Быйылғы жылы ауылдық Совет атқомі бұл колхоздарда мәдени- ағарту жұмыстарын едәуір жақсартты. Мұнда ең алдымен мәдениет ошақтарын, атап айтқанда мектептерді, клубтарды, кітапханаларды, оқу үйлерін және тағы басқа мекемелерді материалдық жағынан қамтамасыз ету ісі жолға қойылды. Мәселен, Киров жетіжылдық мектебі мен Ортаккол бастауыш мектебі күрделі жөндеуден өткізілді. Бұл мектептерді жөндеуге бөлінген 3490 сом қаржы быйыл толық пайдаланылды.

Сонымен бірге ауылдық Совет атқомі оқу үйлерінің жұмысына, оларды жабдықтап отыруға көңіл бөліп келеді. Быйыл ауылдық Советтің «Баян» колхозындағы оқу үйі кітапханаға айналдырылды. Бұл кітапханада қазір 9821 сомның 1957 дана кітабы бар. Мұның көпшілігі быйылғы жылдың қаржысы есебінен толықтырылды. Сондай-ақ, Киров атындағы колхоздың оқу үйіндегі кітап қорлары да молайтылды. Мұнда жалпы бағасы 4117 сомдық 911 дана кітап бар. Бұларға быйыл 300 сомның кітаптары қосылды.

Осы сияқты медициналық пункттерді жабдықтау жөнінде де ауылдық Совет атқомі біртолай жұмыстар жүргізді. Баян медициналық пунктінің қазір арнаулы үйі бар. Бұған 800 сомның дәрі- дәрмектерін сатып алу жоспарланған еді. Қазір бұл жұмыс артығымен орындалды.

Алайда бұл саладағы жұмыста әлі де болса біртолай кемшіліктер орын алып отыр. Мектептер күрделі және жай жөндеуден өткізіліп, отынмен қамтамасыз етілсе де, айта кету керек, ауылдық Совет атқомі, оның председателі Тажин жолдастың назарынан мектеп үйлерінің, олардың жеке бөлмелерінің тар болуы сияқты фактілер тыс қалып келеді. Ауылдық Совет мектеп үйлерін кең, әдемі етіп жаңадан салу жөнінде инициатива жасай алмай отыр. Сол сияқты, мұғалімдердің көпшілігінде пәтер үй жоқ. Оларға пәтер үй салу жөнінде де ауылдық Совет бірде- бір рет мәселе көтермеген.

Мәдениет ошақтарын материалдық жағынан қамтамасыз етумен істің тынбайтыны белгілі. Бірақ ауылдық Совет атқомінің председателі Тажин жолдастың байымдауынша, олай емес көрінеді. Ауылдық Советтің сессияларында мектеп мәселесі, ондағы оқу- тәрбие жұмыстары бірде- бір рет талқыланбаған. Атқару комитетінің жоспарында сессияларға мектеп директорларын қатыстырып, оқу- тәрбие жұмыстарын, олардың сапасын талқылап отыру белгіленген болатын. Дегенмен бұл тек қағаз жүзіндегі құр белсенділік болып шықты. Быйылғы жылы бірде- бір мектеп директоры сессияға шақырылмады.

Баян селолық кітапханасының жұмысында да елеуір олқылықтар бар. Мұнда мысын жақсарту жөнінде кітапхана меңгерушісіне әлі бірде- бір рет нақтылы нұсқау беріп, көмек көрсеткен емес.

Селолық кітапхана ауыл- селодағы мәдени- ағарту жұмыстарының қызу ортасы болуға тиіс. Міндет — кітаптарды полкаларға көптеп және әдемілеп жыйнап қоюда ғана емес, оларды қалың көпшіліктің игілігіне, еңбекшілердің айырылмас серігіне, ақылшы досына айналдыруда, оларды еңбекшілер бұқарасы арасында кеңінен насихаттауда. Міне осы міндет жүзеге асқан күнде ғана кітапхана жұмысы жолға қойылады деп айтуға болады.

«Баян» колхозында әйелдер босанатын үй салу жұмысы аяқталған болатын. Алайда бұл үй қажетті мүліктермен жабдықталмағандықтан күні осы уақытқа дейін пайдалануға берілген жоқ. Ауылдық Советтің қамтуындағы колхоздарда медицина- профилактикалық шараларды насихаттау ісі қолға алынбаған. Бұған дәлел, үстіміздегі жылы медициналық фельдшерлер колхозшылар арасында бірде -бір лекция оқымады.

Бұл ауылдық Советте пәтер үй құрылысы да нашар жүргізіліп келеді. Осының салдарынан 54 колхозшы, қызметші қазір үйсіз отыр.

Тажин жолдас новопавловтықтар мен тарандықтардың үндеулеріне «үн қостық, бізде бұл саладағы жұмыстар ауыз толарлық, мәселен, жаңадан 18 пәтер үй салынды» деп, орынсыз тәкмейілсіп жүр. Іс жүзінде бұл үйлердің он бірі ғана (?) салынды. Мұның өзі ауыл бейнесін көркейте алмайтыны белгілі. Сөйтсе де, Тажин жолдас «Баян», Киров атындағы колхоздардың бейнесі соңғы жылдары өзгеріске аз ұшырағанына онша қынжылмайтын көрінеді.

Ауылдық Советтің қамтуындағы екі колхоздың екеуінде де клуб бар. Алайда, бұлар әлі де болса колхозшылардың сүйікті орнына айналып болған жоқ. Өйткені клуб үйлері қысты күндері суық болады, ал Киров атындағы колхоздың клубы тар және толық жабдықталып, көркейтілмеген. Ауылдық Совет атқомінің секретары Нұрғалиев жолдастың пікірінше, жергілікті Совет колхоз клубы жөнінде қам жеуге тиіс емес, бұл колхоз басқармасының міндеті болып табылатын көрінетін сияқты.

Ауылдық Совет еңбекшілерді киномен қамту ісінен де сырт қалып келеді. Мұнда әлі бірде- бір рет аудандық мәдениет бөлімінің алдына кино жөнінде, талап тілек білдірілген жоқ. Ал «Баян», Киров атындағы колхоздарда кино аз көрсетіледі. Баян сияқты ірі елді пунктте стационар киноустановка орнатуға да болады. Дегенмен, осы мүмкіншілік ескерусіз қалып келеді.

«Баян», Киров атындағы колхоздарда

## Ауыл-селолар көркеюде

Приешім аудандық Совет атқару комитеті Петропавл ауданы Новопавловск селолық Советінің елді пункттерді көркейту жөнінде облыстың ауыл- селолық Советтерінің депутаттары мен активтеріне арнаған үндеуін қызу қуаттап, август айында кеңес өткізген болатын. Ауданның ауылдық, селолық Советтеріне Новопавловск селолық Советінің елді пункттерді көркейту жөніндегі үндеуі хабарландырылып, олардың арасында социалистік жарыс кеңінен өрістетіле түсті.

Ауданда ауылдар мен селоларды көркейту жөнінде көптеген жұмыстар істелді. Атап айтқанда, су тапшылығын жою мақсатымен жаңадан 18 құдық қазылып, олар толық пайдаланылуға берілді. Сонымен бірге, 20 құдық, 12 мектеп, 3 селолық клуб, күрделі жөндеуден өткізілді. Жаңадан 2 монша, 2 балалар яслиі салынды.

Ауыл- селоларды көркейту жөнінде Боголюбово селолық Советі (Совет председателі А. Г. Воробьев, тұрақты комиссияның председателі Г. Н. Семидоцкий және тұрақты комиссияның мүшесі Моргунов) көптеген жұмыстар істеді. Селолық Совет пен тұрақты комиссия мүшелерінің инициативасы бойынша Боголюбово селосында жаңадан бір құдық қазылды және 10 құдық күрделі жөндеуден өткізілді. Ситово көліне плотина салынды. Ауыл шаруашылығы мамандары үшін бес тұрғын үй және ұйымдар мен мекемелер үшін 4 үй салынып, олар толық пайдаланылуға берілді. Халықтың тұтыну қажеттерін өтеу үшін 2 магазин ашылды. Приешім МТС-нің механизаторларына асхана, монша салынды.

Елді пункттерді көркейту тек аудан орталығы Боголюбово селосында ғана емес, сол сияқты аудан орталығынан қашық тұратын колхоздарда, совхоздар мен МТС-терде де жолға қойылған. Мәселен, Надеждин селосында (Совет председателі Г. Ф. Белоусов, тұрақты комиссия председателі И. С. Бабич) колхозшылар клубы, дәрігерлік пункт күрделі жөндеуден өткізіліп, жаңадан балалар яслиі, электр станциясы және механизация училищесінің, үй құрылыстары аяқталып, пайдаланылуға берілді. Осы сияқты жұмыстар Қызыласкер, Владимировск, Ново-Михайловск және тағы басқа да ауылдық Советтерде қызу жүргізілді.

Тек үстіміздегі жылдың өзінде ғана аудан көлемінде елді пункттерді көркейту үшін 505 құрылыс іске қосылды. Мұның үстіне ауданда жол құрылысына да ерекше көңіл бөлінген. Соңғы 2 ай ішінде ұзындығы 9,4 километр грейдерлі жол салынды. Барлық ауылдарда, селоларда, елді пункттерде ағаш егу, көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстарды жүзеге асыруда жергілікті Советтердің жанындағы тұрақты комиссияның мүшелері, депутаттар, активтер белсене қатынасты.

# СОВЕТ ҮКМЕТІНІҢ ВЕЛИКОБРИТАНИЯ ҮКМЕТІНЕ НОТАСЫ

20 декабрьде ССРО Сыртқы Істер Министрінің Бірінші орынбасары А.А. Громыко, Великобританияның ССРО-дағы елшісі У. Хэютерді қабылдап, оған ССРО Үкметінің Великобритания Үкметіне мынадай нотасын тапсырды:

«Совет Үкметі, Париж келісімдері дейтіндерді жасасудан айқын көрініп отырған ағылшын үкметі әрекеттерінің» гитлерлік Германия мен оның Европадағы сыбайластарына қарсы соғыста одақтасу туралы және соғыстан кейінгі ынтымақпен өзара көмек туралы Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Великобритания Біріккен Корольдігі арасында жасалған «Договор» бойынша Англияның өзіне алған міндеттемелеріне түбірімен қайшы келетіндігіне Англия Үкметінің назарын аударуды қажет деп санайды.

Бұл договорға 1942 жылғы 26 майда, Совет Одағы мен Англия антигитлерлік коалициядағы басқа мемлекеттермен бірлесіп, ортақ жауға қарсы—гитлерлік Германияға қарсы бірлескен ауыр күрес жүргізген күндерде қол қойылған болатын. Совет және ағылшын халықтарының таңдаулы ұлдарының қанымен бекітілген және екі халықтың тығыз ынтымақтасуға ұмтылған талабына сәйкес жасалған ағылшын-совет Договоры соғыстан кейінгі дәуірде Германия тарапынан немесе Европадағы агрессия әрекеттерінде онымен байланысты қандай да болса мемлекеттер тарапынан жаңа агрессия жасалу мүмкіндігіне жол бермеу үшін Англия мен Совет Одағының бірлескен шаралар қолдануын көздейді.

1962 жылға дейінгі мерзімге жасалған бұл Договорда былай делінген:

«1. Жоғары мәртебелі келісуші жақтар соғыстан кейінгі дәуірде бейбітшілікті сақтау және агрессияға қарсыласу мақсатымен ортақ қыймылдар жасау туралы ұсыныстарды қабылдауда басқа да пікірлес мемлекеттермен біріккісі келетінін мәлімдейді.

2. Олар мұндай ұсыныстар қашан мақұлданғанға дейін, Германияның немесе Европадағы агрессия әрекеттерінде онымен байланысты қандайда болса мемлекеттердің агрессияны қайталауына және бейбітшілікті бұзуына мүмкіндік бермеу үшін соғыс қыймылдары аяқталғаннан кейін өз қарамағындағы барлық шараларды қолданады» (3-ші статья).

Договорда онан әрі былай делінген:

«Жоғары мәртебелі келісуші жақтардың әрқайсысы ешқандай одақтар жасаспауға және жоғары мәртебелі келісуші жақтардың басқасына қарсы бағытталған ешқандай коалицияларға қатыспауға міндеттенеді» (7-ші статья).

Совет Одағы мен Англия бұл Договор бойынша соғыстан кейінгі дәуірде Европада хауіпсіздік ұйымдастыру мақсатымен тығыз және достық ынтымақта бірлесіп жұмыс істеуге келіскен болатын, сонымен қатар, екі жақтың бірі Германия тарапынан жасалған агрессияға тағы да ұшырағандай жағдайда, бір-біріне қандай да болса соғыс көмегін және басқа өзара көмек көрсетіп, жәрдемдесуге міндеттенген болатын.

...ның және басқа Европа елдерінің көптеген қалалары мен селоларын қатты қыйратқан болатын.

Батыс Германияда ірі авиация күштері, танктері, ауыр артиллериясы, соғыс теңіз флоты, өзінің соғыс штабтары бар көптеген армия ғана құрылып жатқан жоқ, сонымен бірге оның өнеркәсібі, соның ішінде Рур өнеркәсібі қару- жарақ өндіруге қайтадан көшірілуде.

Қазіргі халықаралық келісімдерді бұза отырып, Париж келісімдері Батыс Германияның милитаристері мен кекшілдерінің қолдарына атом қаруын сонымен қатар химиялық және бактериологиялық қарулар береді, міне бұл өте ауыр зардаптар мен шексіз көп құрбандықтарға ұшырататын қырғын атомдық, химиялық және бактериологиялық соғыстың хауіпін анағұрлым арттыра түседі, мұның өз территориясы шағын, халқы өте жиі орналасқан европалық елдер үшін ерекше хауіпті болып табылады.

Париж келісімдері сонымен бірге ремилитарландырылған Батыс Германияны агрессиялық Солтүстік -атлантикалық блокке қатыстыруды және Совет Одағы мен халықтық демократия елдеріне қарсы бағытталған басқа да соғыс топтарына қатыстыруды көздейді. Мұның мәнісі —Ағылшын- Совет Договоры бойынша Англияның ешқандай соғыс одақтарын жасаспауға және Совет Одағына қарсы бағытталған ешқандай коалицияларға қатыспауға өзіне міндеттеме алғанына қарамастан, Англия, бұл топтардың басты ұйымдастырушылары мен қатысушыларының бірі болғандықтан, қайта туғызылып жатқан герман милитаризмімен бірге соғыс блогіне кіреді деген сөз.

Ағылшын Үкметінің мұндай әрекеттерінің соғыстан кейінгі ынтымақ және өзара көмек туралы Ағылшын- Совет Договорының рухы мен әрпіне көрнеу қайшы келіп отырғанына Совет Үкметі бұған дейін сан рет, атап айтқанда, өзінің осы жылғы 23 октябрьдегі, 13 ноябрьдегі және 9 декабрьдегі ноталарында назар аударған болатын. Париж келісімдеріне қатысып, Англия жаңа герман агрессиясының жасалу мүмкіндігіне жол бермеу жөнінде де, сондай-ақ ССРО-ға қарсы бағытталған соғыс одақтарына қатыспау жөнінде де Ағылшын- Совет Договоры бойынша өзіне алған одақтастық міндеттемелерін өрескел бұзып отыр.

Совет Үкметі герман милитаризмін қалпына келтіру саясатының мүлде хауіпті екеніне Англия Үкметінің назарын сан рет аударып келді. Соның өзінде о ССРО мен Англия тарапынан Европада бейбітшілік пен хауіпсіздікті нығайтуға және Германияға қатысы бар шұғыл мәселелерді реттеуге бағытталған бірлескен шаралар қолдану қажет екенін ұдайы көрсетіп келді.

Жалпыгерманиялық еркін сайлау өткізу жолымен Германияның бейбітшіл және демократиялық мемлекет ретіндегі бірлігін қалпына келтіру туралы келісімге жету мақсатымен, Совет Үкметі төрт державаның сыртқы істер министрлерінің

...ғы арасында достық қатнастарды нығайтып, дамыта беруге бағытталған, ал мұның Англия мен ССРО-ның хауіпсіздігін қамтамасыз етуде, сондай-ақ жалпыға бірдей бейбітшілікті нығайту үшін де өте зор маңызы бар.

Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құруға және бейбітшілік, демократиялық негіздерде Германияның бірлігін қалпына келтіру жөніндегі шұғыл міндеттерді шешуге қатысудан Англия Үкметінің бастартқанын Совет Үкметі қынжылғандықпен атап көрсетеді. Совет Үкметінің жоғарыда көрсетілген ұсыныстарын және оның достықпен жасаған сақтандыруларын қабылдамай, ағылшын Үкметі өзінің Ағылшын- Совет Договоры бойынша алған міндеттемелерімен, Европа халықтарының бейбітшілігі мен хауіпсіздігін нығайту мүдделерімен санаскысы келмей отырғандығын көрсетті.

Ағылшын Үкметінің қазіргі саясатының соғыстан кейінгі ынтымақ және өзара көмек туралы Ағылшын- Совет Договоры бойынша Англияның алған міндеттемелеріне сәй келмейтіні былай тұрсын, қайта бұл саясат Совет Одағы мен басқа да бейбітшіл мемлекеттерге тура қарсы бағытталып отыр.

Англия Үкметі Париж келісімдеріне қол қойып, оны парламентте мақұлдаттырып қана қоймай, сонымен бірге бұл келісімдерді бекітуді тездеттіру мақсатымен бұл келісімдердің басқа да европалық қатысушыларына күшті қысым жасауда. Сөйтіп ол Батыс Германияны ремилитарландыруды және оны жоғарыда көрсетілген соғыс топтарына қатыстыруды тездетуге тырысуда.

Мұндай жағдайда Ағылшын- Совет Договоры өзінің маңызын жояды және өзінің жасалудағы мақсаттарына қызмет ете алмайды. Англия үкметі, бұл договордың бар екеніне қарамастан, Батыс Германияда милитаризмді қалпына келтіру позициясына түсіп, ремилитарландырылып жатқан Батыс Германияны Совет Одағы мен басқа бейбітшіл европалық мемлекеттерге қарсы соғыс топтарына қатыстырып отырғандықтан, Ағылшын- Совет Договорының бейбітшілік мүдделеріне қызмет етпейтіні былай тұрсын, қайта мұның керісінше, ол Америка Құрама Штаттары басқарып отырған агрессияшыл соғыс топтарына кірген Англия Үкметінің қазіргі саясатын бүркемелейтін пердеге ғана айналдырылуда. Совет Үкметі мұндай жағдайға төзіп отыра алмайды және бұл туралы совет халқына да, сондай-ақ ағылшын халқына да тура айтпай отыра алмайды.

Міне осының бәрі Париж келісімдерін бекітудің Европадағы бүкіл жағдайды елеулі түрде сөзсіз қыйындататынын, бұл бекітудің Европадағы бейбітшілік пен хауіпсіздік мүдделеріне сай келмейтінін, бұл бекітудің тек жаңа соғыс әзірлеумен шұғылданып жатқан кейбір мемлекеттердің агрессияшыл топтарына ғана керек болып отырғанын көрсетеді.

...оқушыларының жалпы саны бар болғаны 315 адам ғана. Аудандағы ең ірі колхоздардың бірінен саналатын Баян колхозында кітап оқушылар санының мұншалықты аз болу себебі не? Мұның себебі, еңалдымен, кітапханада кітап көрмелерінің, витриналардың, библиографиялық жұмыстардың мүлде ұйымдастырылмауында, кітап оқушылар конференцияларының бірде-бір рет өткізілмеуінде. Кітапхана меңгерушісі Баскин жолдас кітап қорының молдығына ғана қанағаттанып, кітап оқушылардың саяси және көркем әдебиетке ынтасын арттыру жөнінде ұйымдастыру жұмыстарын жүргізбей отыр. Бұл мәселеге ауылдық Совет аткомінің председателі Тажин жолдас та мән бермей келеді. Ол кітапхананың жұ...

Алайда ауылдық Совет бұл мәселені де ескермей отыр. Тіпті келесі жылдың жоспарында да спорт алаңдарын жасау, стадион салу жұмыстары белгіленбеген.

Жергілікті Советтің жұмысы тек шаруашылық мәселелерімен ғана шектелмей, еңбекшілердің мәдени-тұрмыс дәрежелерін жақсартуға бағытталуы керек. Ауыл-селоның сыртқы кейпін өзгертуге, оны көркейтуге ауыл-село еңбекшілерінің мәдени-тұрмыс қажеттерін үздіксіз қанағаттандырып отыруға жергілікті Советтер әрқашан көңіл бөліп отыруға тиіс. Бұл бүгінгі күннің маңызды талаптарының бірі болып табылады. Мұндай міндетті Баян ауылдық Совет аткомі оның председателі Тажин жолдас үнемі ескеріп отыруы қажет.

**Д. ӘУЕЛБЕКОВ,**
**(Арнаулы тілшіміз).**

...масын жүзеге асыруда ауданның кейбір ауыл-селолық Совет аткомдері еңбекшілердің белсенділігін ойдағыдай қолдай алмады. Бостандық ауылдық Советінің бірқатар колхоздарында қоғамдық құрылыс, сондай-ақ пәтер үй құрылыстарының баяу жүргізілуін тек осымен дәлелдеуге болады. Бостандық ауылдық Советінің аткомі Новопавловтықтардың үндеуі бойынша қабылданған социалистік міндеттемелердің орындалуы жөнінде қажетті ұйымдастыру және бұқаралық жұмыстар жүргізбеді.

Ауылдық-селолық Советтер 1954 жылда ауыл-селоны көркейту жөнінде қол жеткен табыстарына қорытынды жасағанда жұмыстағы кемшіліктерді батыл жоюдың шараларын белгілеп, жаңа табыстарға жете беруге тиіс.

**Қ. ЕСКЕНДІРОВ.**

...ті қолдауға және Германия тарапынан немесе Европадағы агрессия әрекеттерінде онымен байланысты қандай да болса мемлекеттер тарапынан жаңа агрессия жасалуына жол бермеуге көмектесуді өзіне мақсат етіп қойып отырған уақытта, Англия Үкметі қол қойған Париж келісімдері герман милитаризмін қалпына келтіруге әкеліп соқтырады, сөйтіп жаңа герман агрессиясының қатерін тудырады. Бұл келісімдер Батыс Германияны ремилитарландыруды және бұрынғы гитлершіл генералдар басқаратын батысгерманиялық армия құруды көздейді, ал бұл генералдар тіпті жақында ғана өздері оккупациялаған бір қатар европалық елдердің территорияларында фашистік қан төгіс террор мен езушілік тәртібін орнатып, герман милитаризмі агрессиясының құрбандығына ұшыратылған Совет Одағының, Англияның, Францияның, Польша...

...ның келді.

Совет Үкметі сонымен қатар Европада коллективтік хауіпсіздіктің тиімді системасын құру туралы Жалпыевропалық Договор жасасуға көмектесуді де Англия Үкметіне ұсынған болатын, ал мұндай системаға барлық европалық мемлекеттер, өздерінің қоғамдық және мемлекеттік құрылысына қарамастан, түгел қатыса алар еді. Мұндай Договор жасасу Европаның барлық халықтарының бейбітшілікпен даму жағдайын қамтамасыз еткен болар еді. Осы мақсатпен Совет Үкметі Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы мәселе талқылау үшін ноябрьдің аяқ кезінде барлық мүдделі мемлекеттердің Жалпыевропалық Кеңесін шақыруды ұсынған болатын.

Совет Үкметінің бұл ұсыныстарының бәрі герман милитаризмін қайта тудыруға жол бермеуге, Англия мен Совет Ода...

...ны мәлімдеуді өзінің борышы деп санайды: Париж келісімдерін бекіту әрекеті соғыстан кейінгі ынтымақ және өзара көмек туралы Ағылшын-Совет Договорын өшіріп тастайды және бұл Договорды күшінен айырады. Бұл үшін бүкіл жауапкершілік Англияға, ағылшын Үкметіне жүктеледі.

Париж келісімдері бекітілгеннен кейін, гитлерлік Германия мен оның Европадағы сыбайластарына қарсы соғыста одақтасу туралы және соғыстан кейінгі ынтымақ пен өзара көмек туралы Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Великобритания Біріккен Корольдігі арасында жасалған Договордың күшін жою жайында Жоғарғы Совет Президиумының қарауына ұсыныс енгізуден басқа Совет Үкметінің ешқандай амалы қалмайды.

Москва, 20 декабрь 1954 жыл».

Ағылшын елшісі бұл нотаны өз үкметіне жеткіземін деп мәлімдеді.

# Жергілікті бюджеттің орындалуын қамтамасыз етейік

Облыстық бюджет Мемлекеттік бюджеттің бөлінбес бір бөлегі болып саналады. Жергілікті бюджеттің кіріс бөлегінің орындалуын және асыра орындалуын қамтамасыз етудің аса зор маңызы бар. Сол сияқты, бюджеттің екінші бөлегін — халық шаруашылығын онан әрі өркендетуге, еңбекшілердің материалдық және тұрмыс қажеттерін қанағаттандыруға бағытталған шығыс бөлегін дұрыс орындаудың маңызы да бұдан кем емес.

Бюджет қаржысы оны қандай мақсатқа, қандай шараны жүзеге асыру үшін жұмсау қарастырылған болса, тек сол статьялар бойынша ғана жұмсалуға тиіс және өндіріс жоспарының, товар айналымының және күрделі қаржы жоспарларының орындалуымен, оқу, денсаулық сақтау орындарының және басқа да әлеуметтік-мәдениет мекемелерінің жоспарларының орындалуына сәйкес мөлшерде ғана босатылуға тиіс.

Халықшаруашылық және бюджет жоспарын ойдағыдай орындау міндеті әрбір кәсіпорнында және әрбір ұйымда, халық шаруашылығының барлық салаларында халық шаруашылығы жоспарларынан туатын тапсырмалардың, әсресе еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырмалардың сөзсіз және дер кезінде орындалуын қамтамасыз етуді талап етеді. Мұнымен бірге үнем тәртібін қатаң сақтау, өндіріс қуатын толық пайдалану, өндіріс әдістерін үнемі жақсартып, өнімнің өзіндік құнын арзандату қажет.

Үстіміздегі жылдың төртінші тоқсанында мемлекет қаржысын үнемдеу және бюджет кірісін арттыру жөнінде бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Әсресе алғашқы 3 тоқсанда күрделі құрылысқа, еңбекақы, стипендиялар төлеу бойынша, мерзімі ұзартылған борыш қаржыларын жоспарында 1 октябрьге дейін пайдаланылмай қалған қаржыны жұмсауға тыйым салынады.

Сауда ұйымдары бөлшек товар айналымы жоспарынан тыс товарлар сататын болады. Мемлекеттік және кооперативтік бөлшек сауда сеттері және көпшілікті тамақтандыру орындары бойынша кәсіпорындарына, мекемелер мен ұйымдарға товар сату лимиті қысқартылды.

Облыстық бюджет кірісінің басым бөлегі айналым салығы, табыстан алынатын алым ретінде кәсіпорындары мен ұйымдардан, кооперативтік ұйымдардың кіріс салығынан, машина-трактор станцияларының кірісінен түсетіндігі белгілі. Үстіміздегі жылы жалпы кіріс, яғный бюджеттің негізгі бөлігінің 65,9 проценті болуға тиіс.

Алайда үстіміздегі жылдың өткен 9 айы ішінде бірқатар кәсіпорындары мен шаруашылық ұйымдардың өздерінің бюджетті орындау жөніндегі міндеттерін орындай алмады. Мәселен, айналым салығын төлейтін май өндірісі тресі өзінің бұл жөніндегі міндеттемесін небары 51,4 процент, сыра заводы 76,9 процент, «Главсахарторг» мекемесі 51,4 процент, кәсіпшілік кооперациясы 80,2, ал жылу электр орталығы 72,3 процент қана орындады.

Мемлекет кірісінің бюджетке бірқелкі түсіп отыруы ең алдымен товарлардың өндірілуіне және товар айналымына, жоспардың сапа көрсеткіштерінің орындалуына тікелей байланысты. Солай бола тұрса да, көптеген жергілікті кәсіпорындары мен кәсіпшілік кооперациялары өнім шығару және оның өзіндік құнын кеміту жоспарларының орындалуын қамтамасыз ете алмады, еңбек өнімділігін арттыру жөніндегі тапсырманы орындамады, көптеген шығынға және қаржының орынсыз жұмсалуына жол берді. Облыстық жергілікті және отын өнеркәсібінің 11 кәсіпорнының бесеуі өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі тапсырманы орындамады, бұлардан 3 кәсіпорны — Мамлют, Октябрь аудандық және Петропавл өндіріс комбинаттары бұйымның өзіндік құнын өткен жылдағыдан қымбаттатып жіберді.

Кәсіпшілік кооперацияларының, жергілікті және отын өнеркәсібінің кәсіпорындары әлі күнге дейін орынсыз шығындарға жол беріп келеді. Мәселен, кәсіпшілік кооперациясының артельдері бойынша барлығы 375600 сом, ал жергілікті және отын өнеркәсіп кәсіпорындары бойынша 74200 сом қаржының орынсыз шығындарға жұмсалуына жол берілді. Өткен 9 ай ішінде қалалық өндіріс комбинаты бекітілген техникалық-өндірістік финанс жоспарынсыз және өндіріске отын жұмсалудың жоспарынсыз жұмыс істеді, сөйтіп майлы дақылдарды өңдеудің өзіндік құнын едәуір қымбаттатты. «Строитель» артелі бойынша кірпіштің 5 проценті орнына 10,3 процентінің брак болуына жол берілді. Мұның өзі кірпіштің өзіндік құны 25,3 мың сом қымбаттауына әкеліп соқты. Сонымен бірге мұнда 70 мың данадан астам кептірілмеген кірпіштің суға тиіп бүлінуіне жол берілді.

Жергілікті жерлерде жүргізілген тексеріс өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі жоспардың орындалмауына, жергілікті өнеркәсіптің және кәсіпшілік кооперациясының көптеген кәсіпорындарының орынсыз шығындарға, смета-штат тәртібінің бұрмалануына, еңбек өнімінің төмен болуына және басқа да сол сияқты кемшіліктерге жол берілуі зор әсер еткендігін көрсетті.

Мысалға қаладағы аяқ-киім фабрикасын алайық. Мұнда өнімнің өзіндік құнын арзандату арқылы 9 ай ішінде 711 мың сом қаржы үнемделуге тиіс болса, небары 22,5 мың сом ғана қаржы үнемделді. Фабрикада түрлі себептермен қаржының жоспардан тыс жұмсалуына жол берілген. Мұнда негізгі еңбекақы бойынша және шығарылған өнімге есептелетін 914600 сом орнына 1.176500 сом қаржы жұмсалған. Сапасыз өнім шығарудың өзінен фабрика 34 мың сом зиян шекse, 39 мың сом санкция және айып төлеген. Мұнымен бірге 40 тонна жүн, 31,7 тонна кислота және 4,7 тонна бояу артық жұмсалған. Ал, бұл жүннен 2 мың пар пима басуға болар еді.

Шикізат пен материалдардың мұншалықты артық жұмсалуының себебі неде? Мұның басты себебі фабрика басшылары мен цех бастықтары шикізат пен материалдардың жұмсалуын үнемі бақылап отырмайды. Есеп жұмысы бетімен жіберілген, жұмсалған жүн және материалдар күн сайын есептеліп отыру орнына тек ай аяқталғанда ғана олар жұмсалған өнімге есептеп шығарылатын болған. Осының салдарынан цех шығындары бойынша 437 мың сом қаржы артық жұмсалған.

Облысымызда тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде бірқатар шаралардың жүзеге асырылуына және МТС жұмыстары көлемінің ұлғаюына байланысты МТС жұмыстары үшін колхоздардың заттай және ақшалай ақы төлеуінен түсетін кірістің дер кезінде түсіп отыруына зор маңызы бар. Дегенмен, кіріс көзінің бұл түрі бойынша кірістің кіруі қанағаттанарлықтай болмай отырғандығын айта кеткен жөн. Осы жылғы 1 октябрьге дейін ондаған мың сом кіріс кіруге тиіс болса мұның жартысы да кіріске түспеді. Облыстық ауылшаруашылығы басқармасы, МТС директорлары жыл аяғына дейін жоғарыда көрсетілген кірістің толық түсуін қамтамасыз етудің тиісті шараларын қарастырулары керек. МТС-тің атқарған барлық жұмыстары үшін есептер тапсырып, тапсырған есептер бойынша колхоздармен есеп айырысуды толық аяқтау қажет.

Халықтан алынатын салықтың облыстық бюджеттегі үлесі көп емес, ол тек 10-ақ процент. Кірістің бұл түрі бойынша уақытында кіріс сомасының түсіп отыруын қамтамасыз ету міндеті финанс орындарына жүктеледі. Алайда, облыс финанс орындары халықтан алынатын салық бойынша едәуір салық қаржысының кіріске түспей қарыздар болуына жол беріп отыр. Әсресе Ленин және Преснов аудандарында халықтан алынатын салық төлемі бойынша көп берешекке жол берілген.

Сансыз көп мәдени-ағарту мекемелері, денсаулық сақтау орындары, физкультура және әлеуметтік қамсыздандыру орындары жергілікті бюджеттен қаржыландырылады. Оларға жұмсалатын, әсресе тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарда бұл мекемелерге жұмсалатын шығыс қаржысының көбейтілуі партиямыз бен үкметіміздің еңбекшілердің мәдени-тұрмыс қажетін өтеу үшін жасап отырған қамқорлығының айқын айғағы. Сонымен бірге бұл жергілікті Советтер мен финанс орындарына аталған мекемелерді үнемі және толық қаржыландырып отыру міндетін жүктейді.

Алайда аудандық, селолық Совет аткомдері, финанс орындары, сондай-ақ халық ағарту, денсаулық сақтау және мәдениет бөлімдерінің басшылары бюджет бойынша бөлінген қаржылардың толық және орынды жұмсалуын қамтамасыз етеді. Соның салдарынан әлеуметтік-мәдениет мекемелерін күрделі жөндеуге, мебельдер, оқулықтар сатып алуға, отын дайындауға бөлінген қаржыдан 5-6 миллион сом қаржы пайдаланылмай қалды.

Кейбір мекемелердің басшылары жыл бойы пайдаланылмай келген қаржыны «ақша жұмсалмай қалады» деп жыл аяғында орынсыз, басқа мақсаттарға жұмсап жіберді. Мұндай зиянды әдетке бұдан былайғы жерде жол берілмеуге тиіс. Бюджеттің шығыс бөлегінің орындалуын қамтамасыз ете отырып, қаржыны орынсыз және артық жұмсау фактілерінің орын алуына жол берілмеуіне жетісу қажет.

**Ф. ПЕТРОВ,**

облыстық финанс бөлімінің меңгерушісі.

## МЕМЛЕКЕТКЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН ТАПСЫРУ

Совет ауданының «Путь 12 лет октября», «Қазақстанның 30 жылдығы», «Путь к коммунизму» және Сталин атындағы, «Көктерек» колхоздары мемлекетке 1332 центнер ет өткізіп, жылдық жоспарды артығымен орындап шықты. Сол сияқты, Қиялы астық совхозы да мемлекетке жоспардан тыс 469 центнер ет тапсырды.

Ауданда мемлекетке сүт тапсыру да ұйымшылдықпен жүргізілуде. Ленин атындағы, «Новый быт», Сталин атындағы, «Северный берег» колхоздары сүт тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындап, қазір жоспардан тыс сүт тапсыруда. Бұл жөнінде Киров атындағы және Қиялы астық совхоздары зор табыстарға жетті. Аталған совхоздардың коллективтері мемлекетке жоспардан тыс 18 миллион килограмға жуық сүт тапсырып, үздік табыстарға жетісті. Мұнымен бірге ауданның колхоздары мен совхоздары тері өткізу жоспарларын да мерзімінен бұрын орындап, қазір мемлекеттік дайындау орындарына жоспардан тыс жоғары сортты терілер өткізуде.

Аудан колхоздары мен совхоздарының мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсырудағы мұндай табыстары колхоз және совхоздардағы мал шаруашылығының дұрыс жолға қойылып, олардан алынатын өнімдердің мөлшері мен сапасы артып отырғандығын көрсетеді. Қазір мұнда мемлекетке жыл аяғына дейін тағы да көптеген мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру үшін барлық мүмкіншіліктер жұмылдырылуда.

**Қ. СЕЙФУЛЛИН.**

# Ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің агро-зоотехникалық білімін арттыра берейік

## Совхозда оқу ұйымшылдықпен жүргізілуде

Чистов совхозында жұмысшыларды агро-зоотехникалық курстарда оқыту ісі жылма-жыл жақсы ұйымдастырылып, келеді. Мұнда өткен жылы 95 адам қамтылған үш жылдық зоотехникалық курс жұмыс істейді. Онда бірінші жыл оқыйтын 40 адам бар үш группаға, екінші жыл оқыйтын 29 адам және үшінші жыл оқыйтын 26 адам екі группаға бөлінді. Оқу жылы аяғында 95 адамнан 87 адам мемлекеттік емтиханды жақсы тапсырып, оқу ойдағыдай аяқталды. Емтихан тапсырғандардың көпшілігі мал шаруашылығында ұзақ жыл еңбек еткен практиктер, атап айтқанда, курсте емтихан тапсырғандар—60 сауыншы, 20 шопан, тағы басқа мал шаруашылығы қызметкерлері.

Курсты тыңдаушылардың барлығы да зоотехникалық білімді жақсы меңгеру жолында ерекше ынтада екендіктерін байқатты. Олар әрбір сабаққа ұқыпты дайындалып, теориялық мәселелерді нақты практикамен байланыстыра талқылауға тырысты. Ал сабақ жүргізуші оқытушы-мамандар бұл қасиетті терендету жолында, яғни әрбір тыңдаушының теориялық алған білімін іске творчестволықпен қолдануын қамтамасыз ету жолында еңбектенді. Бұл сыяқты ынталы еңбек өзінің игі нәтижесін берді де. Үстіміздегі жылы өндірістен қол үзбей оқып, үшжылдық зоотехникалық курсты ойдағыдай бітіріп шыққан ондаған жұмысшылар озат көрсеткішке ие болғаны үшін Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне барып қайтты.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушы Елена Фель жолдас осы жылы әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 3471 килограмм сүт алды. Ал сауыншы Анна Титова жолдас әр сыйырдан 3290 килограмм сүт алды. Мұндай озат көрсеткіштерге совхоздың мал шаруашылығындағы көптеген жұмысшылар ие болып отыр.

Шошқа күтуші П. Ильина жолдас 1954 жылы өзіне бекітіліп берілген әрбір мегежіннен 15 торайдан алып, аман өсірді. Совхоз коллективі 1955 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне мал шаруашылығы көрсеткіштеріне қатысу үшін асқан жігерлікпен еңбектенуде. Совхоз мал шаруашылығының өнімділігін арттыруда айтарлықтай табысқа жетті. 1954 жылы әрбір сауын сыйырдан жоспар бойынша 2100 килограмм сүт алуы керек еді. Қазір бұл көрсеткіш 2614 килограмға жетіп отыр. Бұл—1953 жылғыдан 530 килограмм артық деген сөз. Әрбір қойдан 4,1 килограмм жүн қырқылып, бұл жөніндегі жоспар едәуір артық орындалды. Жылдан-жылға мал күту ісі жақсартылып, мал шаруашылығының мәдениеті арта түсуде. Мұның барлығы—мал шаруашылығы жұмысшыларының теориялық білімін байытып, оны істе шебер қолдана білудің нәтижесі.

Мал шаруашылығындағы адамдардың теориялық білімінің болуы шаруашылыққа озаттар тәжрибесін батыл қолдануды көп жеңілдетті. Өйткені бұрын озат тәжрибелер тек мал шаруашылығы мамандарын ғана қызықтыратын болса, енді озат әдісті әрбір малшы өз ісіне саналы түрде қолдануға ынтық бола бастады. Осылайша совхоздағы барлық қойды биязы және биязылау жүнді ету үшін қой өсірушілер қойды қыс және көктемде ерте қоздайтындай есеппен қолдан ұрықтандыру жұмысын жүргізуде. Сондай ақ жас бұзауларды салқын үйлерде күту, торайларды майын алмаған сүтпен азықтандыру, тұқымаралық будандастыру жұмыстары да үлгілі ұйымдастырылуда. Сөз жоқ бұл шаралардың барлығы да мал шаруашылығынан түсетін өнімді арттыра түсуде, өнімнің өзіндік құнын арзандатуда ролі ерекше зор.

Агро-зоотехникалық курстарда оқудың шаруашылықта мұндай елеулі табыстарға жеткізуі нәтижесінде совхоз жұмысшылары үстіміздегі жылы да оқуға ұйымшылдықпен қатысты. Қазір үшжылдық зоотехникалық курста 86 адам оқыйды. Булардың көпшілігі—екінші және үшінші жыл оқыйтындар.

Курстар оқытушы-мамандармен толық қамтылды. Атап айтқанда, сабақ жүргізушілер—зоотехник Бабанов, мал дәрігері Шамбер, Ербасов тағы басқа мал шаруашылығы мамандары. Сабақ үнемі сейсенбі және жұма күндері өткізіледі. Тыңдаушылардың сабақ өткізетін орындары жақсы жабдықталған. Оқулықтар мен көрнекі құралдар жеткілікті.

Қазірден бастап-ақ Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі кең насихатталуда. Сабақ үстінде көрмеге қатысушылардың әңгімесін өткізу ұйымдастырылды. Олар өз істерінде озат тәжрибені қалай қолданатындығы жайында айтады, ауылшаруашылық көрмесіндегі бағалы тәжрибелерді баяндайды. Сонымен бірге көрмеге қатысушылар бөлімше жұмысшылары алдында көлемді баяндамалар жасап жүр.

Сабақтың тартымды және тыңдаушыларға түсінікті болуы үшін кемі айына бір рет тыңдаушылар мен оқытушылар бас қосқан семинар өткізіледі. Онда оқытушылардың сабағы талқыланып, тыңдаушылар сабақты жақсарту жөнінде өз талаптарын ұсынады. Сондай-ақ оқытушы мамандардың өзара сабақ беру жөнінде тәжрибе ауысу жыйналыстары өткізіліп жүр.

Ай сайын сабақтың қай күндері, қай сағатта және қай жерде жүргізілетіні көрсетілген жоспарлы-расписание жасалады. Өндірістік табысты бейнелейтін, сабақ барысын көрсететін айлық бюллетеньдер шығарылып тұрады.

Үшжылдық зоотехникалық курстардың осы табыстарымен бірге оқу барысында әлі де кейбір кемшіліктердің орын алып келе жатқандығын атап өткен жөн. Жұмысшылардың мамандыққа үйренуі сыяқты игі іске жергілікті жұмысшылар комитеті белсене араласпай жүр. Тыңдаушыларға қажетті жазу құралдары жетіспейді. Мал шаруашылығындағы жұмысшылар жұмыс киімімен қамтамасыз етілмеген. Совхоздар тресі мал шаруашылығындағы жұмысшыларды жұмыс киімімен қамтамасыз ету ісін мүлдем естен шығарған.

Ауыл шаруашылығы мастерлерін көптеп дайындайтын үшжылдық агро-зоотехникалық курстардағы мұндай елеулі кемшіліктер тез жойылса, оқу сапасының бұдан да гөрі арта түсуіне және өндірісте келелі табыстарға жетуді даусыз қамтамасыз етеді.

**З. ТОНГИЕВ,**

**Чистов совхозындағы агро-зоотехникалық курстің меңгерушісі.**



Петропавл «Комсомолка» тігін фабрикасының тігіншісі Р. Серазетдинова бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жарысында көтеріңкі міндеттеме алды. Ол қазір алынған міндеттемені орындау жолында қажырлылықпен еңбек етіп, әр смена сайын 2 нормадан орындап келеді.

СУРЕТТЕ: **Р. Серазетдинова** жолдас кезекті тапсырманы орындау үстінде.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Латвия артистерінің гастролі қарсаңында

Таяудағы күндерде Латвияның мемлекеттік филармониясының біртоп артистері қаламызға гастрольге келмек. Олардың ішінде Латвия ССР-ның еңбек сіңірген артисткасы Лида Рубене (скрипкашы), Латвия ССР-ның еңбек сіңірген артисі Вячеслав Широков, (әнші) пианистердің Бүкілодақтық конкурсінің дипломаты Евгений Крамер бар.

Талантты артистка Лида Рубене Бүкілдүние жүзі жастарының Бухаресте өткізілген төртінші фестиваліне қатысты, сол сыяқты совет искусствосының жас шеберлері делегациясы құрамында Финляндияның қалаларында гастрольде болды. Ол Москваның, Ленинградтың, Украинаның, Кавказдың еңбекшілеріне көптеген концерттер берді. Оның артистік өнерімен Орта Азияның колхозшылары, Оралдың металлургтері, Волга бойындағы қалалардың еңбекшілері де әбден таныс.

Латвия артистерінің коллективі қала еңбекшілерін латыш халқының искусствосымен таныстырады, сол сыяқты орыс, Батыс Европа классиктерінің шығармаларымен таныстырады.

## ҚАР ТОҚТАТУ БАСТАЛДЫ

Конюхов ауданындағы Чистян МТС-нің қамтуындағы колхоздар егістік алаңдарға қар тоқтатуға ойдағыдай әзірленді. МТС-

## Қысқы маусымда ауылшаруашылық машиналарын қалай сақтау керек

Социалистік ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету жөнінде партия мен үкіметіміздің алға қойған міндеттерін мінсіз жүзеге асыру — ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің ең ардақты борышы. Ал ауыл шаруашылығында егіншіліктің мәдениетін арттыру және одан алынатын өнімді көбейтуде ауылшаруашылық машиналарын тиімді пайдаланудың зор маңызы бар. Сондықтан бұл мәселеге ерекше көңіл бөлу керек.

Қыс тракторларды және басқа да ауылшаруашылық машиналарын дұрыс сақтау, олардың жұмыс істеу мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді. Егер машиналар қыс күндері жұмыс істемей бос тұрған кезде сақталуы нашар болса, онда машиналардың бөлшектері тотығып бүліне бастайды. Машиналардың ағаштары шіриді. Бұл МТС-терде оны қалпына келтіру үшін мыңдаған сом қаржының орынсыз жұмсалуына әкеліп соғады.

Алдыңғы қатарлы механизаторлар машина- трактор паркін қысқы маусымда сақтау ісіне ерекше маңыз беру нәтижесінде машиналардың жұмыс өнімділігін арттыруда елеулі табыстарға ие болып жүр. Машина- трактор паркін арнаулы жаппаларда сақтау керек. Ондай жаппалар болмаған күнде трактор паркін ашық далаларда сақтауға болады. Бұл жөнінде мысалға Полудень МТС-і механизаторларының жұмысын алуға болады. Олар өткен жылы машина- трактор паркін далада сақтауды тыңғылықты ұйымдастырды. Ауылшаруашылық жұмыстарынан босаған барлық тракторлар, комбайндар және басқа да ауылшаруашылық машиналары МТС усадьбасына әкелінді. Бұл машиналар түгелінен арнаулы алаңда тәртіппен қойылды. Машиналар шаң- топырақтан тазартылды. Бірқатар бөлшектері майланды. Тракторлардың арматурасы, генераторы, свечалары, магнетолары, ременьдері, шамдары, карбюраторлары электр проводтары алынып, бөлек сақталды. Комбайндардың кесуші аппараттары, шынжырлары, карбюраторлары және электр проводтары алынып, қоймаға тапсырылды. Комбайн моторлары ағаш жәшіктермен жабылды. Өздігінен жүретін комбайндардың резина доңғалақтары, винтеляторлардың ременьдері, карбюраторлары, шынжырлары, электр проводтары және кесуші аппараттары алынды. Осы сыяқты ауылшаруашылық тіркеу саймандары да ережеге сәйкес сақталды.

Машина- трактор паркін дұрыс сақтау бұл МТС-те көптеген пайда келтірді. Тракторлардың тең жарымы 1933- 1936 жылдарда алынған машиналар болса да, олардың жұмыс өнімділігі жақсы болды.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты быйыл облыс МТС-тері көптеген тракторлар мен комбайндар және ауылшаруашылық машиналарын алады. Кейбір МТС- тердің трактор паркі екі-үш есе ұлғаймақ. Ал МТС-тердің жөндеу базасы машина -трактор паркінің өсуіне сай емес. Осыған байланысты МТС бас-

тракторлардың комплектілігі, құрал-жабдықтарының және қосалқы бөлшектерінің толықтығы анық көрсетілуі. Қабылдау актісі МТС бухгалтериясына тапсырылуға тиіс. Осыдан кейін тракторлардың және басқа машиналардың негізгі бөлшектері алынып, қоймаларға тапсырылады. Бірақ әрбір бөлшекте тракторлардың номері жазылған қағаздар болуы керек. Бір трактордың бөлшегін екінші тракторға ауыстырып жіберуге жол берілмеуге тиіс.

Тракторларды қысқы маусымда сақтауға қояр алдында двигательдің цилиндрлерін майлау, картерді майдан босату және тракторлардың шынжыр табандарын босату қажет.

Комбайндар мен молотилкаларды қысқы маусымда сақтауға қоярдың алдында іші-сыртын тазарту керек. Іштерінде астықтың, сабанның қалдықтары болмауға тиіс. Олардың полотнолары, ременьдері және шынжырлары, сол сыяқты кесу аппараттары алынып, қоймаларға тапсырылады. Комбайндардың двигательдерін де қоймаларда сақтауға болады. Егер двигатель комбайнның өзінде қалдырылса, оны ағаш жәшікпен жабу қажет.

Плугтерді, дискелерді сақтау үшін оларды шаң- топырақтан тазартып майлау керек. Әсіресе плугтің жүздерін, түрендерін тазартып, майлаған жөн.

Сеялкалардың тұқым салатын жәшіктері және себу аппараттары тазартылады және тұқым жібергіш резиналары алынып, іші құрғақ құмға толтырылып, қоймаларға тапсырылады. Дискелер мен втулкалары алынып жуылады. Сеялкалардың негізгі бөлшектерін тазартқаннан кейін оларды майлау керек.

Арнаулы жер қазатын машиналар — бульдозерлер, скреперлер бөлшектері сақтауға тек тазартылып майланғаннан кейін ғана қойылады. Трактор бульдозерлері мен доңғалақты скреперлер де осы жолмен сақталады.

Сақтауға қойылған машиналарды әлсін- әлсін тексеріп отыру керек. Егер кейбір бөлшектерін майлау қажет болса, оларды майлап және қардан тазартып отырған жөн.

Күрделі және жеңіл жөндеуден өткізілген тракторлар, автомашиналар, басқа да ауылшаруашылық құрал-саймандары да осы жолдармен сақталады.

Быйылғы жылы машина- трактор паркін сақтауға облыс МТС-терінің басшылары жете назар аудармай отырғандығын айта кету керек. Әлі күнге дейін бірқатар МТС- терде тракторлар мен ауылшаруашылық машиналары МТС усадьбасына жеткізілген жоқ. Ал сақтауға қойылған машиналар тазартылмаған және майланбаған. Олардың техникалық жайы және комплектілігі тексерілмейді. Мұның өзі механизаторлардың техникаға деген жауапкершілігін кемітетіндігі сөзсіз.

МТС басшылары тракторлардың, ауыл-

## Агро-зоотехникалық оқу

Ленин ауданындағы «Красный сибиряк» ауылшаруашылық артелінің мүшелері колхоз өндірісін онан әрі өркендету жолындағы күреске жұмыла отырып, өздерінің ауыл шаруашылығы жөніндегі білімдерін көтеру ісіне де зор мән беруде. Колхозда үшжылдық агро-зоотехникалық курстар жұмыс істейді. Оған 35 адам қатысады. Олардың қатарында егін өсірушілер, дала бригадаларының бригадирлері, мал шаруашылығының қызмет-

## КОЛХОЗШЫЛАР ТІЛЕГІНЕ САЙ ЕМЕС

Ауыл шаруашылығы саласындағы үлкен және күрделі міндеттерді шешу ісі колхозшылардың үшжылдық агро-зоотехникалық курстарының жұмыстарын мықтап жақсартуды талап етеді. Өйткені, бұл курстарда оқушылар ғылым табыстары мен алдыңғы қатарлы жұмыс әдістерін қолдану жөніндегі практикалық дағдыларға үйретіледі. Мұның өзі колхоздардың өндірістік жұмыстарының барған сайын табысты болуына жағдай жасайды.

оқуын ұйымдастыру және оны жүргізу ісіндегі мұндай жауапсыздықты жою жөнінде МТС басшылары, әсресе станцияның аға агрономы Кузнецов жолдас ешқандай шаралар белгілемеген. Оқудың сапалы және белгіленген мерзімде өткізілуін ол курстарды басқаратын агрономдардан қатаң талап етіп отырмайды. Курстарды қажетті оқулықтармен, көрнекі құрамдармен, тағы басқа жабдықтармен қамтамасыз етуге көңіл бөлмейді.

...дың тыңдаушыларын көрнекі құралдармен, оқулықтармен және тұрақты үймен қамтамасыз еткен. Курстарды тәжрибелі агроном Погорелова және зоотехник Аксенникова жолдастар басқарады. Сабақтар күнілгері жасалған жоспар бойынша кезінде жүргізіледі.

Соңғы кезде «Партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын өркендетуге бағытталған соңғы қарарлары туралы», «Ірі қарамалдың анатомиясы мен физиологиясы туралы», «Колхоз ғалымы Терентий Семенович Мальцевтің топырақ өңдеу және егіс ету системасы туралы» тағы басқа тақырыптарға арналған сабақтар өткізілді. Оқытушы-мамандар колхозшылардың курстарда алған теориялық білімдерін өздерінің практикалық істерімен тығыз байланыстыра білуіне ерекше назар аударып келеді.

**Р. КӘРІМОВ.**

---

Агро-зоотехникалық оқудың осындай зор маңызы барлығына қарамастан Совет ауданындағы Сартомар МТС-і мен оның қамтуындағы колхоздардың басшылары бұл курстардың жұмысына мән бермей келеді. «Қазақстанның 30 жылдығы», «Красный полтавец» колхоздарында биыл агро - зоотехникалық курстар ұйымдастырылған да жоқ. Ал «Новый быт», «Красное поле» колхоздарында ұйымдастырылған агро-зоотехникалық курстарда жыл басталғаннан бері оқу небары бір-ақ рет, оның өзінде алғашқы ұйымдастыру сабағы ретінде өткізілді. Содан кейінгі екі айға жуық уақыт ішінде аталған колхоздардағы агро-зоотехникалық курстарды басқаруға тағайындалған агроном Поляков, Криворотко жолдастар курстардың оқуын әшбір дәлелсіз тоқтатып қойды.

Колхозшылардың агро- зоотехникалық МТС қамтуындағы колхоздардағы колхозшылар: «бізде үшжылдық агро-зоотехникалық оқу жылма-жыл жөнге қойылмай-ақ келеді. Өткен жылы да оқу белгіленген мерзімінде өтпеген еді» дейді.

Айта кетуіміз керек, агро-зоотехникалық курстар биыл МТС орталығының өзінде де жұмыс істемейді. Бірақ, бұл жағдай да МТС-те ешкімді ойландыратын емес.

Колхозшылар өздерінің агро-зоотехникалық білімдерін көтеруге, ауыл шаруашылығы озаттарының бай тәжрибелерін үйренуге және оны практикалық жұмыстарға кеңінен қолдануға ынталы. Сартомар МТС-нің басшылары мен мамандары колхоздардағы агро-зоотехникалық курстардың жұмысын жүргізуді колхозшылардың осы ынталылығы дәрежесіне сай ұйымдастыруға міндетті екендерін ескеретін уақыт жетті.

**С. МЫҢБАЕВ.**

---

...және колхоздарда қар ұстайтын қалқандар, қамыс және шырпы бумалары, қаржыртқыштар жасалды. Қазір колхоз далаларында қар тоқтату жұмысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Бұл жұмыс басталған алғашқы 10 күн ішінде МТС қамтуындағы колхоздар 1 мың гектардан астам егістік алаңдарға қар ұстайтын шырпы бумаларын тастады.

«Красный пролетарий» колхозы күздік қарабидай егілген алаңға және пар мен зябь жыртылған егістікке—барлығы 500 гектар жерге қар тоқтатып қалқандар және шырпы бумаларын тастады. Сондай-ақ Киров атындағы колхоз 200 гектардан астам егістікке қар тоқтатты. Қар тоқтату МТС қамтуындағы басқа колхоздарда да ұйымшылдықпен жүргізілуде. Машина-трактор станциясы егін далаларына қар ұстайтын қалқандарды, қамыс, шырпы бумаларын жеткізу үшін барлық колхоздарға трактор бөлді.

**А. КӘРІБАЕВ.**

---

...қытта дұрыс сақталуын қамтамасыз етулері керек.

Трактор бригадаларының бригадирлері барлық машиналар мен тіркеу саймандарын МТС-тің бас инженеріне акт бойынша қысқы мерзімде сақтауға тапсырады. Қабылдау актілерінде көңіл бөлетін мәселе машиналардың техникалық жайы, МТС усадьбасына әкелінуін және олардың дұрыс сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Машина- трактор паркінің қысқы күтімі ережелерін мұқият сақтау, техника күшін тиімді пайдалануға және оның іске жарамдылық сапасын арттыра түсуге бірден- бір жағдай туғызады.

**Инженер М. КОЗОРЕВ.**

---

*Қазіргіміз бен болашағымыз*

# МОЛ ТАБЫСТЫ ШАРУАШЫЛЫҚ

«Путь Ильича» колхозы 1953 жылға дейін Полудень ауданындағы артта қалған колхоздардың бірі еді. Мұнда шаруашылық салаларының табыстары төмен болды. Оның ішінде мал шаруашылығы сан жағынан да, беретін өнім мөлшері жағынан да жоспардан көп төмен болып келді. Үстіміздегі жылы колхоз басқармасы мен бастауыш партия ұйымы СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қаулысын басшылыққа ала отырып, ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуде біркатар табыстарға ие болды. Бұл — негізінен колхозшылардың қажырлы еңбек етуінің, шаруашылықты жан-жақты дамытуға ерекше зер салудың нәтижесі.

Колхоз биыл мал өсірудің мемлекеттік жоспарын толық орындады. Сондай-ақ бұл саладан түсетін өнімді арттыру жөнінде де елеулі табыстарымыз бар.

Арестархов жолдас басқаратын товарлы-сүт фермасы мал өсірудің жылдық жоспарын 1 октябрьде 120 процент орындады. Жоспарда әрбір сауын сиырдан 1600 литр сүт сауу белгіленсе, ферма сауыншылары орта есеппен әрбір сиырдан 1690 литр сүт алды. Сөйтіп бұл ферма сүт алу жөнінде аудан бойынша бірінші орынға ие болды. Қазір фермада озат сауыншылар көптеп саналады. Мысалы, Евдокия Пигалева өзіне бекітіліп берілген сиырлардың әрқайсысынан орта есеппен 1801 литр сүт сауды. Сондай-ақ сауыншы Барышева, Нагель, Цебулаева жолдастар да сүт алуда озат көрсеткіштерге жетісті.

Колхозда қой шаруашылығы да жыл санап өсіп келеді. Үстіміздегі жылдың 1 октябріне қой басы өткен жылғыдан 41 процент көбейді. Сонымен бірге орта есеппен әрбір қойдан алынатын жүн мөлшері өткен жылғымен салыстырғанда 900 грамдай артты. Товарлы қой фермасының меңгерушісі Шеве жолдас малға күтімді жақсарта беру арқылы алдағы жылдары жүнді мұнан да көп алуға міндеттеніп отыр.

Мал шаруашылығындағы табысты саланың бірі —шошқа өсіру. Біздің бұл жөнінде де айтарлықтай табысымыз бар. Арестархова жолдастың басқаруындағы шошқа фермасы үстіміздегі жылы шошқа өсіру жоспарын 122 процент орындады. Ал Мария Пигалева, Надежда Ларина сияқты жолдастар өздеріне бекітіліп берілген әрбір мегежіннен 20—21 торай алып, оларды аман өсірді. Осы сияқты шошқа өсірудің озаттарына колхоз қосымша ақыға 16 торай берді.

Колхозшылардың мал шаруашылығында қажырлы еңбектенуі, олардың бұл саладан алатын табысының жыл сайын арта түсуі аталған шаруашылықты шапшаң дамытуға ынталыландырды. Колхоз басқармасы мал шаруашылығын өркендету жайындағы жоспарларында негізінен колхозшылар тілегіне сүйенеді. Сондықтан да бұл саладағы жоспарлар жүйелі түрде іске асырылуда.

Біз мал шаруашылығының мол табысты салаға айналуы үшін ғылым мен практиканың барлық жаңалықтарын өз ісімізге батыл қолдандық және малдың жақсы өсуіне, оның өнімділігінің артуына қажетті жағдайлардың барлығын толық іске асырып отырдық.

Малдың өнімділігін арттыру үшін жағдай жасау дегеніміз —бұл ең алдымен берік малазық қорын жасап алу екені мәлім. «Сиырдың сүті тілінде»—дейді халық мақалы. Сауын сиырға мал азығы мол және әртүрлі дайындалынбайынша, яғни жемазық рационы бай болмайынша сүтті көп алу мүмкін емес. Бұл — тәжрибеде талай рет анықталған жағдай. Сондықтан да біз мал азығының мол болуына ерекше мәңыз береміз. 1954 жылы колхозда 350 гектар көпжылдық шөп, 70 гектар біржылдық шөп егілді. Малазығындық дәнді дақылдар егілген жер көлемі 200 гектар еді. Осының нәтижесінде колхоз ірі сабақты жемшөптен басқа 150 центнер күнжара, 270 центнер жем және 270 тонна сүрленген азық дайындады. Алдағы 1955 жылы малазығындық егістер көлемі әлдеқайда көбейтілгелі отыр. Атап айтқанда, көпжылдық шөп 400 гектар, малазығындық дақылдар көлемі 500 гектар болады. Мал азығы үшін 140 гектар күздік қарабидай егілді. Сонымен бірге көктемде малазықтық тамыржемістердің және сүрлеуге арналған дақылдар егу де кең көлемде жүргізіледі. Сөз жоқ, бұл шаралар біздің мал шаруашылығынан келесі жылы мұнан да жоғары өнім алуымызды қамтамасыз етеді.

Мал басының өсуі және мал шаруашылығынан алынатын өнім мөлшерінің жоғары болуы үшін мал қораларын дайындау ісі де зор роль атқарады. Біз мал қораларының құрылыс жұмысын әсте естен шығармаймыз. Жылма-жыл көктемде арнаулы құрылыс бригадаларын ұйымдастырып, олардың жұмысты өнімді істеуі қамтамасыз етіледі. Бұл өсіп келе жатқан малды ұдайы жылы, жайлы қорамен қамтуға жағдай жасап жүр.

Жұмысты осылай ұйымдастыра отырып, біз соңғы екі жыл ішінде саман кірпіштен 100 сиыр тұратын бір қора, 80 бұзаулық бір үй, 300 бойдақ малға арнап бір қора, әрқайсысына 500 қой тұратын екі қора және торайымен 40 мегежіндік бір қора салдық. Бұл құрылыстардың колхоздың мал шаруашылығындағы табыстарында үлкен роль атқарғандығы даусыз. Біз бұл ісімізді алдағы жылдары биылғыдан да ұйымшылдықпен жүргіземіз.

Мал шаруашылығын өркендетуде колхоздардағы малдың сапасын жақсартып, жергілікті малды асыл тұқымды малмен жаппай будандастыру жолымен мол өнімді мал тұқымын тез көбейтудің маңызы ерекше зор. 1953—1954 жылдары біз алтай тұқымды 8 қошқар, Кемеров тұқымды майлы шошқадан екі қабан алдық. Сонымен бірге колхозда қырдың қызыл тұқымды үш бұқасы бар. Қазір колхоздың мал өсіруші озаттары асыл тұқымды төл алу науқанына қызу әзірлік жасауда. Сауын сиырлар төл алу қарсаңында қоңды болуы үшін ерекше күтімге қойылған. Бұл —бұзаудың жақсы болуына, сиырдың сүттілігі артуына жағдай туғызу деген сөз.

Қандай шаруашылықтың болсын табысты болуы кадрға, яғни сонда жұмыс істеуші адамдар құрамына тікелей байланысты. Табысқа әр шаруашылықты өз ісін жақсы түсінетін, беріле сүйетін іскер адамдардың басқаруын қамтамасыз ету арқылы ғана жетуге болатындығын ұмытуға болмайды. Сонымен бірге тәжрибелі кадрларды шаруашылық саласына тұрақтандырудың маңызы ерекше зор. Бізде тек мал шаруашылығында он жылдан аса істеп келе жатқан көптеген колхозшылар бар. Біз оларды сол іске әлі де қалдырудамыз. Өйткені олардың жыл сайын шеберлігі артып, шаруашылықты дамытуда келелі үлес қосады. Сондықтан бізде Доцко, Павловская, Цебулаева, Арестархов сияқты мал өсірушілер ерекше қадірлі.

Біз мал шаруашылығында қол жеткен табыстарымызды баянды ету және бұл саладан алынатын өнімді арттыра беру үшін мал қыстату кезеңін үлгілі өткізу жолында бар мүмкіншілікті пайдаланудамыз. Қазір мал қыстатуға қажетті жемшөптің 70 проценті мал қоралары жанына тасып жеткізілген. Мал қораларына шөп тасуға екі «ДТ—54» тракторы және 16 көлік қатыстырылуда. Мұның бәрі жемшөп ысырабына жол бермей, мал шаруашылығынан өнімді көп алуды қамтамасыз етеді.

Біздің колхоздың мүшелері мол табысты сала—мал шаруашылығының алдағы уақытта бұдан да жоғары табысты болуы жолында аянбай еңбектенеді. Бұл жөнінде ғылым мен практиканың жаңалықтарын ісімізге үзіліксіз пайдаланып отырамыз.

**С. СИБҒАТУЛЛИН,**
**Полудень ауданы, «Путь Ильича» колхозының председателі.**

---

# Паровозшылардың игілікті ісі

ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығу жолындағы бүкілхалықтық күресті паровоз депосының машинистері қызу қолдап, халық шаруашылығына қажетті жүктерді мерзімінде және көптеп тасу жолында еңбек өнімділігін еселеп арттыра түсуде. Ауыр жүк тиелген составтарды алып жүруші машинистер арасындағы социалистік жарыс кең өріс алып, олардың өндірістегі еңбек қорытындылары да күн санап жақсарып келеді.

Үстіміздегі жылдың өткен 11 айында Петропавл станциясынан Есілкөл және Макушин станцияларына 11 мыңнан астам ауыр жүк тиелген составтар графикте белгіленген уақытта жеткізілді. Бұл составтарда жоспардағыдан артық жүз мыңдаған тонна халық шаруашылығына қажетті жүктер бар. Мұның өзі 1954 составқа тиелетін жүк. Сөйтіп, жүк тасуда мемлекеттің миллиондаған сом қаржысы үнемделді.

Депоның озат машинистері паровозды составтардан ағытпай айналымға беру әдісін кеңінен қолданып келеді. Соның нәтижесінде өткен 11 айда 25 мыңнан астам локомотив составтан ағытылмастан айналымға берілді. Сол сияқты еліміздің озат машинистерінің жаңашыл әдістері—сапарға шыққанда жолдағы станцияларға қосымша су алуға тоқталмай өтіп, графикте белгіленген уақытты ұту, экипировкаға тоқталмай ұзақ жол жүру тәсілдерін де жете меңгеріп келеді. Осы жылдың өзінде ғана 12 мыңдай поезд Есілкөл және Макушин станцияларына сапарға шыққанда қосымша су алуға бірде-бір станцияға тоқталмай өтті.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесі қарсаңындағы жарыста да паровозшылар зор табыстардың иесі болды. Соңғы ноябрь айының өзінде ауыр жүк тиелген составтарды алып жүруші озат машинистердің саны 264 адам болды. Бұлар бір айда 1504 ауыр жүк тиелген поезд жүргізіп, жоспардағыдан тыс 513370 тонна жүк тасыды.

Депоның үздік паровозшылары еліміздегі темір жол транспортының озаттары Лунин, Папавин, Середа тағы басқа жолдастардың темір жол транспортына енгізген жаңалықтарын терең зерттеп, олардың іс тәжрибелерін үйренуде. Сөйтіп, халық шаруашылығына қажетті жүктер тасу және жолаушылар поездарын алып жүруде едәуір жақсы нәтижелерге жетіп келеді. Онымен бірге, депо паровозшылары локомотивтің жүру жылдамдығын арттыру, оны қыс күндерінде техникалық жоғары күтімде ұстап, еңбек өнімділігін еселеп арттыруға жетісуде.

Темір жол торабында коммунист Д. Шандыбин жолдас басқаратын машинистер колоннасы жыл бойына социалистік жарыста үздік алда келеді. Күздің өзінде колоннаның есебінде 1029 ауыр жүк тиелген состав және 311915 тонна жоспардағыдан тыс тасымалданған жүктер бар. Колонна мүшелері отын қорын үнемдеп жұмсауға үнемі баса назар аударады. Соның нәтижесінде үстіміздегі жылдың өткен 11 айында 370 тоннадан астам отын үнемделді.

Осы колоннаның машинистері И. Печенкин, В. Антясов жолдастар 82 ауыр жүк тиелген составты алып жүріп, 31735 тонна жүктерді жоспардағыдан артық тасыды. Онымен бірге, 52 тонна отын үнемдеді. Ал № 19—724 локомотивті жүргізуші машинистер С. Ануфрьев, В. Следзевский жолдастардың көрсеткіштері бұдан да жоғары. Олар 93 ауыр салмақты поезбен 32593 тонна халық шаруашылық жүктерін графикте белгіленген уақыттан едәуір бұрын тасымалдады.

Теміржолшылардың Бүкілодақтық жиналысында қабылданған үндеуге нақтылы іспен жауап беру жолындағы күрес барған сайын кең өріс алып келеді, Декабрь айындағы социалистік жарыстың инициаторлары Коломеец жолдас 5 рет сапарға шығып, 1895 тонна, Колмагорцев 1779 тонна, Егоров 1580 тонна жүкті жоспардағыдан артық тасыды.

Бұл күндері депода локомотивтің жылдамдығын тездету, паровоздардың бос тұрып қалуын кездестірмеу жолындағы күрес бұрынғысынан да күшейе түсуде. Паровозды қабылдап, сапарға дайындауға жоспар бойынша 30 минут уақыт кететін болса, міне, бұл уақыттың өзін кеміте беру жолдары қарастырылуда. №19—1954 локомотивінің машинисті Сиширин, көмекшісі Овсянников, кочегары Бурматов жолдастар паровозды 13 минутта қабылдап, 18 минутта сапарға дайын етуді игерді. Ал №19—1421 паровозының машинисті Дородных жолдас локомотивті 12 минутта қабылдап, 17 минутта сапарға дайын етіп жүр.

Депо паровозшылары бесінші бесжылдық жоспарды белгіленген мерзімнен бұрын аяқтап шығу үшін ішкі мүмкіншіліктер мен резервтерді тауып, толығынан есептеп іске қосуда. Сөйтіп, халық шаруашылығына қажетті жүктерді мерзімінде және көп тасуды ұйымдастыруды бұдан былай да жақсарта беретін болады.

**В. АХРАМЕНКО,**
**Паровоз депосының операторы.**

*Біздің календарь*

# МАРКО ВОВЧОК

## (Туғанына 120 жыл толуына)

Украин халқының талантты жазушысы, өзінің творчествосын Чернышевский, Добролюбов, Герцен, Шевченко сияқты революцияшыл— демократтардың озат идеяларымен тығыз байланыстырған және шығармаларында еңбекші халықты қанауға барынша наразылық білдірген Марко Вовчоктың (Мария Александровна Вилинская- Маркович) туғанына 120 жыл толды:

Марко Вовчок 1834 жылы, Орлов губерниясында помещиктің семьясында туып, Харьков пансионында тәриеленді. Ол жас кезінен-ақ орыс және украин халықтарының ауыз әдебиетін құмарта оқыды, өзі өмір сүрген ортаға, қарапайым шаруалардың тұрмысына зер салды. Мұның барлығы оның шығармаларының негізгі арқауы болды.

Украин халқының тұрмысынан алынып жазылған жазушының алғашқы әңгімелер жыйнағы «Халық әңгімелері» деген атпен 1858 жылы жарыққа шықты. Ал, 1859 жылы бұл жыйнақ И. С. Тургеневтің аудармасы бойынша орыс тілінде басылды. Алғашқы әңгімелер жыйнағының ізінше-ақ 1859 жылы жазушының «Орыс халқының тұрмысынан алынған әңгімелер» жыйнағы орыс тілінде басылып шықты. Екі жыйнақтың екеуінде де жазушы крепостнойлық қанауға наразылық білдіріп, шаруалар бұқарасына деген өзінің зор сүйіспеншілік, тілектестігін баяндайды. Вовчок өзінің бұл шығармаларында крепостной шаруалардың, әсресе, әйелдердің азапты өмірін, олардың бостандыққа ұмтылған ынтасы мен еркін көрсетеді.

Жазушының алғашқы әңгімелері халыққа түсінікті, қарапайым, әрі көркем тілмен жазылған. Осы себепті бұл шығармаларды жұртшылық құмарта оқыйды. Кейінірек бұл әңгімелердің бірсыпырасы француз, неміс, поляк, серб, хорбат тілдеріне аударылып, Вовчоктың есімі Батыс Европа елдеріне мәлім бола бастады.

Марко Вовчок 60 жылдардың басында Россиядағы либеральдық интеллигенттер тобынан қол үзіп, революцияшыл- демократтар Чернышевский және Добролюбовпен жақындасты. Бұған оның шетелдерде болуы, эмиграциядағы Герценмен танысуы көп әсер етті. Жазушының революцияшыл -демократтармен танысуы өз шығармаларында өмірді шынайы, реа-

жазушының 6 әңгімесі енгізілген болатын. «Маша» атты, әңгімесінде жазушы шаруа қызының бостандық өмірге деген сүйіспеншілігін, құлдықты жек көретіндігін көрсетеді. Маша жас кезінен бастап-ақ ауыр өмірдің қыспағына ұшырайды. Өзінің біреу үшін жұмыс істеп жүргенін сезген ол аурумын деп сылтау тауып, жұмысқа бармайды. Кейін оның еркіндік алуына мүмкіндік туады. Енді ерікті Маша мүлдем өзгеріп, күн ұзаққа өзі үшін көңілдене жұмыс істейді. Өз еңбегінің жемісін өзі көру ол үшін зор қуаныш. Автор Машаның өмірі арқылы еңбек сүйгіш ұлы орыс халқының сәулетті болашаққа иек артып, оған үлкен үмітпен қарайтындығын көрсетеді.

Крепостной әйелдердің ауыр өмірі «Ойыншық» атты әңгімеде бұдан да терең әсерлі көрсетілген. Помещик өз қызының ермек ету үшін шаруаның жас қызын еріксіз алған. Помещиктің қызы оны ойыншық орнына ұстайды, ата-анасын есіне түсіріп жылаған қызды ол күлуге мәжбүр етеді. Шаруа әйелінің ешқандай правосы жоқ екендігін әңгімеде автор мына жалғыз көрініспен-ақ ашып берген. Оның «қызымды өзіме қайтара көріңдер» деген сұрағына помещиктің әйелі былай деп жауап береді: «Мен босатар едім, бірақ ханша жіберер емес, сенің қызың оған ұнап-ақ қалыпты; құдай ақына, сен жылама; қызың да көп ұзамай ханшаны жалықтырар,—балалардың әуесі де ұзақ емес қой,—міне сонда қызыңды өзіңе дереу қайтарып жібереміз». Міне, осылай әлде кімнің ойыншығына айналған жас бала, өз баласына ие бола алмаған бақытсыз ананың аянышты халі көрсетіледі.

Крепостнойлық право адамдардың өзара қарым-қатынасына да қысым көрсетпей қойған жоқ. Егер помещик рұқсат етпейтін болса, шын сүйіскен екі жас бір-бірімен қосыла алмайтын болды. Міне бұл жағдай Марко Вовчоктың «Саша», «Надежда», «Катерина», «Купец қызы» деген әңгімелерінде айқын көрінеді.

Дегенмен Марко Вовчок өзінің әңгімелерінде шаруалар өмірін жан-жақты талдап, толық көрсетіп бере алмады. Әсресе, 1850 жылдардағы шаруалар қозғалысының бай материалын толық пайдаланып, оны өзінің шығармаларында көрсете алмады. Ол 1905 жылғы орыс революциясының

### ЧЕХОСЛОВАК-СОВЕТ ДОСТЫҒЫ ОДАҒЫНЫҢ III-СЪЕЗІНІҢ АШЫЛУЫ

ПРАГА, 19 декабрь. (СОТА). Бүгін Прагада Чехословак-Совет достығы одағының III-съезі ашылып, оған одақтың 2 миллионнан астам мүшелерінен 859 делегат қатысуда. Басқалармен бірге президиумда: ұлттық жыйналыстың председателі Зденек Фирлингер, премьер-министрдің орынбасары Вацлав Копецкий, ССРО-ның Чехословакиядағы елшісі Н. П. Фирюбин бар.

Съезді Чехословак -Совет достығы президиумының председателі академик Зденек Неедлы ашты. Өзінің сөзінде ол Чехословак-Совет достығының Чехословакиядағы социализмнің табысты құрылысы үшін, Чехословакияның бостандығы мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін, Чехословакияның экономикасы мен мәдениетінің бұдан әрі де гүлденуі үшін зор маңызы бар екендігін атап көрсетті.

Зденек Неедлы Чехословак-Совет достығы одағының Орталық Комитеті атынан съезге келген қонақтарды, шетелдік делегацияларды жылы жүзбен құттықтады.

Одақтың жұмысы мен бұдан былайғы міндеті туралы Чехословак-Совет достығы одағы президиумының бас секретары Олег Гомола баяндама жасады.

Съездің кешкі мәжлісінде ЧКП Орталық Комитеті мен үкметтің атынан ЧКП Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі премьер-министрдің орынбасары Вацлав Копецкий құттықтады.

### РУМЫНИЯ МТС-ТЕРІ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНА КӨМЕКТЕСУ ҮШІН

БУХАРЕСТ, 20 декабрь.(СОТА). Румын Халық Республикасының министрлер советі машина-трактор станциялары мен мемлекеттік ауыл шаруашылығына өнеркәсіп кәсіпорындарының ұйымдастыру-техникалық көмегін күшейту шаралары туралы қаулы шығарды.

Қаулыда өнеркәсіп кәсіпорындарының МТС-тер мен мемлекеттік шаруашылықтарға жөндеу мастерскойларын құруда, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуде, сол сияқты МТС-тер мен мемлекеттік ауыл шаруашылықтары кадрларының мамандығын арттыруға көмек көрсету үшін жоғары маманданған инженерлер, мастерлер мен жұмысшылар бригадасын жіберу қарастырылған.

18 декабрьде Бухаресте елдің маңызды кәсіпорындарының МТС-тер мен мемлекеттік шаруашылықтарға баратын 650-ден астам инженерлер мен механиктердің кеңесі болды. Кеңестің жұмысына партия мен үкметтің басшылары қатысты. Кеңесте Министрлер Советінің председателі Георге Георгиу-Деж сөз сөйлеп, МТС-тер мен мемлекеттік ауыл шаруашылықтарына ұйымдастыру- техникалық жағынан көмек көрсету жөніндегі шаралардың маңызын атап көрсетті.

# *Халықаралық шолу*

### НЕМІС ХАЛҚЫ ПАРИЖ КЕЛІСІМДЕРІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕСУДЕ

Батыс Европаның халықтары ауыр және жауапты күндерді басынан кешіруде. Батыс Германияның, Италияның, Францияның парламенттерінде Париж келісімдерін бекіту туралы мәселе талқылана бастаған немесе талқылана бастауда. Ал, Париж келісімдері герман милитаризмін қайта тудырғандық, демек, соғыс хаупін едәуір күшейткендік болады. Батысевропалық елдерде үкметтік аппараттар, бүкіл мемлекеттік машина бұл келісімдерді қайткен күнде де парламенттерде бекіттіру үшін жұмылдырылуда.

Парижда сөз байласуды ұйымдастырған АҚШ-тың басшы қайраткерлері мейлінше абыржып, Батыс Европа елдерінің үкметтеріне жасаған қысымын ерекше күшейте түсті, «Американ ресми топтары,—деп жазған «Вашингтон сот» газеті, —европалық шартқа қол қою туралы мәселеге абыржып отыр... Мемлекеттік департаменттің қазіргі ниеті бұрынғы уақытта шіркеу бөлмесін жалғыз күткізген қалыңдық әкесінің шербенде болған ниетіне ұқсап отыр». Мемлекеттік секретарь Даллестің осы «шіркеу бөлмесіне» жақын тұртысы келген. Ол оқыйғалардың барысына тікелей ықпал жасау үшін Парижға ұшып кеткен.

Францияның патриоттары Париж келісімдеріне қарсы күресін күшейтуде. Бұл күрес Батыс Германияда да барған сайын кең өрістетілуде.

Батыс Германия халқының Париж келісімдеріне қарсы шығуының шын мәнісінде бұқаралық сипаты болып отыр. Жақында 6 миллионнан аса адамды біріктіріп отырған батысгерманиялық кәсіподақтардың үшінші конгресіне қатысушылар бұл келісімдерді айыптады. Рурдың 15 мың жас кеншілері және Батыс Германияның 20-дан аса жастар ұйымдары өкілдерінің жуырда аяқталған конференциясы ремилитарландыру әрекетін қатты айыптады. Ал, Бавария мен Гессен өкілдер ландтагтің (жергілікті парламенттеріңіз) жуырда болған сайлауында, сондай-ақ, Батыс Берлиндегі сайлауда Париж келісімдеріне қарсы шығып отырған социал -демократтардың дауысының анағұрлым көп бөлегін алғаны да, Аденауэрдің кекшілдік партиясының барлық жерде де дауыстан айырылғаны да Батыс Германия халқының көзқарасы қандай екенін айқын көрсетеді.

Соңғы күндері Бонн бундестагінде Париж келісімдерін бекіту туралы мәселе талқылана бастағанына байланысты бүкіл Батыс Германияда митингтер, конференциялар және жыйналыстар өткізіліп, буларға қатысушылар Париж келісімдерін анықтауда. Сондықтан да, егер бұл келісімдерді бекіту туралы мәселе неміс халқының талқылауына қойылатын болса, оның бұл келісімдерді қабылдамай тастайтынына күмәндануға болмайды. Бірақ парламентте (бундестагта) айлакерлік сайлау заңының көмегімен жый-

қолданды. Ол ақиқат шындыққа қарамастан Париж келісімдері Германияны біріктіру мәселесі жөнінде ССРО-ның қатысуы мен төрт державаның келіссөздерін жүргізуге кедергі болмайды-мыс дегенді айтты. Бірақ ГСДП өкілдері ақиқат шындықты тура айтып берді. «Лондон мен Парижда, —деп мәлімдеді ГСДП председателі Олленхауэр,—Батыс Германияны қаруландыру елді қайта қосу саясатына артық деп саналды». ГСДП фракциясы төрт державаның герман мәселесі жөніндегі келіссөздерін келісімдерді бекіткенге дейін жүргізуді талап етті. Бундестагтегі күштердің қазіргі ара салмағы тұсында социал-демократтардың ұсынысы өте алмайтын еді, бірақ дегенмен де бұл ұсыныс 153 дауыс алды, соның ішінде кәсіпкер топтардың кейбір байсалды ойлайтын өкілдері оған дауыс берді.

Неміс халқы ауыр сындардың алдында тұр. Герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы оның күресі әлі аяқталған жоқ. Бейбітшілік пен бірлікті қорғап отырған Батыс Германиядағы патриоттық күштер елдің ішінде күннен күнге оған сайын қолдау табуда.

### АМЕРИКАНЫҢ ҚЫЙЫР- ШЫҒЫСТАҒЫ ТІМІСКІЛЕГЕН ӘРЕКЕТТЕРІ ЖӘНЕ ІСТІҢ ШЫНДЫҒЫ

Жуырда Жапонияда үкмет ауысты. Либеральдық партияның басшысы Иосидо басқарған және үкмет басында алты жыл болған кабинет орнынан түсті.

Иосидоның үкметі Жапонияның мемлекеттік мүдделеріне қайшы келетін саясат жүргізіп келді. Ол, жапон парламентінің декабрь айының бас кезіндегі сессиясында атап көрсетілгеніндей, Америкаға жағымпаздану саясатын жүргізіп, мұның өзі елді саяси және экономикалық кризиске әкеліп соқтырды. «Жапон халқы американ оккупациясының тірегі деп атаған Иосиданың үкметі,—деп жазды Қытайдың «Гуанменьжибао» газеті, АҚШ-тың Жапониядағы оккупациялық саясатын тілалғыштықпен жүргізіп, өзіне-өзі көр қазды».

Американ нұсқауы бойынша Иосидо жүргізіп келген Жапонияны милитарландыру саясаты жапон өнеркәсібінің бейбіт салаларын нашарлатуға, жұртшылықтың жаппай жұмыссыздығы мен қайыршылыққа ұшырауына әкеп соқтырды.

Ресми мәліметтер бойынша бұл елде осы жылғы 15 июньге дейін 129 американ авиациясы мен флотының базалары, полигондар және басқа соғыс объектілері болған. Американ монополистері Жапонияда өздерінің орасан көп соғыс заказдарын орналастырған (1953 жылы 443 миллион долларлық заказ орналастырған). Сонымен бірге экономиканың бейбіт салаларының берекесі кеткен. Жапон кеме жасау және машина жасау өнеркәсібінің өндірістік заттарының қуаты төрттен бір есе төмендеген. Жапониядағы экономикалық былық пен тоқыраудың күшеюіне

«Барлық дұрыс ойлайтын жапондықтар,- деді жапон парламентінің соңғы сессиясында сөз сөйлеген депутат Кодзо Инomaта, —Қытаймен, Совет Одағымен және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерімен сауда қатынастарын орнатуды талап етуде... Қытаймен сауда жасамай Жапония тәуелсіз экономика құра алмайды».

Иосиданың Вашингтонға бару сапары мен оның АҚШ-тың басшы қайраткерлері мен жүргізген келіссөздері Жапониядағы шыдамдылықты шегінен шығарып жіберді. Бұл келіссөздердің нәтижесі барлық жапондықтарға да американдық колонизаторлар саясатының маңызын көрсетті және Вашингтонда Американың Жапонияда қожалық етуіне бұдан былай да күшейтуге келіскен Иосида саясатын үзілді-кесілді әшкереледі.

Иосиданың Вашингтонға барған сапарының ізінше және бұдан кейін жапон кабинетінің ауысуымен байланысты американдық «Чикаго трибюн» газеті былай деп жазды: «Шетелдік мемлекеттің басшысы бұйрықтар алу үшін бізге келсе-ақ болғаны, ол оның ішінде өлі қазға» тығылады (яғный саяси жеңіліске ұшырайды), міне бұл айқын факті. Бізді ешкім де жақсы көрмейді, сондықтан бізге бас иіп бағынатын саяси басшыны бірде-бір шетелдік ұнатпайды».

Американ газетінің бұл пікіріне қосылуға болады. Американдық өктемдік және отарлық езушілік әдеттері, мұны Жапониядағы оқыйғалар көрсетіп отырғанындай, әрдайым жеңіліске ұшырауда.

АҚШ-тың Қытай Халық Республикасына қарсы жаңа агрессиялық әрекеттері де авантюристік әрекет болып табылады. Ал АҚШ пен Чан Кай-ши тобы арасында екінші декабрьде Вашингтонда қол қойылған өзара хауіпсіздік туралы договор дейтін нәрсе де осындай әрекеттердің бірі болып отыр.

600 миллиондық қытай халқына қарсы бағытталған бұл арандатушылық договор Қытай территориясының тұтастығына қол сұққандық және оның ішкі істеріне араласқандық болып табылады. Қытай Халық Республикасының сыртқы істер министрі Чжоу Энь-лайдың мәлімдемесінде атап көрсетілгеніндей, американ- чанкайшилік «договор» Қытайдың хауіпсіздігі мен Азиядағы бейбітшілікке қатер төндіреді.

Совет Үкметі ССРО Сыртқы Істер Министрлігі 15 декабрьдегі мәлімдемесінде АҚШ-тың бұл жаңа агрессиялық әрекетінің сипатын айқын көрсетіп берді. ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің мәлімдемесінде былай деп атап көрсетілді: герман милитаризмін қайта тудыру туралы Париж келісімдері, АҚШ-тың Оңтүстік Кореядағы лисынмандық үкметпен, ал, қазір Тайваньдағы чанкайшилік топпен жасасқан агрессиялық договорлары— халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге жол бермеу және жаңа соғыс әзірлігін тездету мақсатын көздейтін АҚШ саясатының біртұтас бөлігі болып табылады.

Бірақ американ империалистерінің тімiскiлеген әрекеттері халықтардың бар-

кіндік туғызды. Сондықтан да Добролюбов «Еңбекші орыс халқын сыйпаттауға қажет белгілер» деген мақаласында М. Вовчоктың әңгімелерін («Орыс халқының тұрмысынан алынған әңгімелер») жоғары бағалаған болатын. Бұл әңгімелерде шаруалардың ауыр тұрмысы, олардың крепостниктік бұғаудан құтылуға құштар болып отырғандығы көрсетілетіндігін айта келіп, Добролюбов былай деп жазды: «Халықтың ұлы күш иесі екендігі және осы күштің крепостниктік правоның әсері арқылы көрінуінің әртүрлі амалдары — міне бұл әңгімелерден біздің байқайтынымыз осы».

«Орыс халқының тұрмысынан алынған әңгімелер» жыйнағына

Вовчоктың шығармаларындағы шаруалардың үстем тапқа деген наразылығы тек экономикалық және рухани қысымға қарсы бағытталған.

Бұған қарамастан Марко Вовчок украин прозасының дамуына елеулі еңбек сіңірді. Жазушының шығармалары оқушылардың крепостнойлық өмірдегі ауыр азапқа деген өшпенділігін өршітеді, туған Отанға деген сүйіспеншілігін арттыра түседі. Вовчок шығармаларының құндылығы да, мазмұндылығы да міне осында.

**В. КАЛИНИН,**

**Мұғалімдердің білімдерін жетілдіру институтының директоры.**

## РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

# Газет, журналдарымызды ала алмай отырмыз

Ауыл-село еңбекшілері елімізде болып жатқан күнделікті жаңалықтарды және халықаралық жағдайларды баспасөз арқылы үнемі оқып біліп отыруға өте ынталы. Сондықтан да олар жыл сайын баспасөзге белсенділікпен жазылып, күнбе-күнгі газеттердің және журналдардың келуін асыға күтеді. Газет, журналдардың колхоздарға уақытылы жеткізіліп тұруы колхоз үгітшілерінің үгіт- бұқаралық жұмыстарын өрістете жүргізулеріне де көмектеседі. Демек, ауыл-селоның почта бөлімшелері мен колхоз хат тасушыларының жұмысы колхозшылардың баспасөзді үнемі уақытында алып оқуын қамтамасыз ететіндей дәрежеде болуы керек.

Алайда Преснов ауданындағы Благовещенка почта бөлімшесінің бастығы Фурс жолдас бөлімшенің жұмысын бұл талапқа сай ұйымдастырмай келеді. Почта бөлімшесі өзі қамтуға тиісті колхоздарға газет, журналдардың күнбе-күн дұрыс жеткізілуін қамтамасыз етпеген. Мәселен, Амангелді атындағы колхоздың Үлгі селосындағы жетіжылдық мектептің мұғалімдері быйыл 1400 сомның баспасөзіне жазылған болатын. Бірақ сол жазылған газеттерімiз бен журналдарымыздың көптеген номерлерін көре алмадық. Мен өзім алдыратын «Правда» газетінің ноябрь айынан бергі номерлерін ала алмай отырмын.

Колхозда хат-хабар тасу ісінің қанағаттанғысыз екендігі колхоз партия ұйымының секретары Абдрахманов жолдасқа көптен мәлім. Алайда бұл мәселемен жете шұғылданып, хат-хабар тасу ісін жақсартудың нақтылы шараларын қарастыруға Абдрахманов жолдастың «қолы тимейақ» қойды.

Газет, журналдарымызды қашан уақытында алып отыратын болар екенбіз?

**Ж. ЫРСАЕВ,**

**Үлгі жетіжылдық мектебінің директоры.**

# Кинофильмдер уақытында, дұрыс көрсетілмейді

Ауыл-село еңбекшілерін киномен тыңғылықты қамтып, оларға советтік жаңа фильмдердің үнемі дұрыс көрсетіліп отырылуы жылжымалы кинолардың жұмысты жоспарлы түрде істеуіне байланысты болатыны сөзсіз. Бірақ Совет аудандық мәдениет бөлімінің (меңгерушісі Ә. Құрманғалиев жолдас) жылжымалы кинолары әлі күнге дейін жұмысты жоспарсыз істеп келеді.

Мәселен, жылжымалы кинолар соңғы аз уақыт ішінде «Еркіндік» колхозына 2- 3 рет келді. Бірақ келген сайын жаңа фильмдер көрсету орнына үнемі «Александр Невский», «Корабль командирі» деген фильмдерді қайта-қайта көрсетіп жүр. Жылжымалы кинолар колхозға сирек келеді, соның өзінде фильмдерді дұрыс көрсетпейді. Кино көрсетіліп жатқанда аппараттың жарамсыздығынан ленталар жиі үзіліп, фильм аяқталмай, екінші күнге қалдырылады. Бір фильмді көрсетудің өзі 2-3 күнге созылады. Киномеханиктердің киноның бас жағын ғана көрсетіп, соңын бітірмей кетіп қалатын әдеті де жоқ емес.

Аудандық мәдениет бөлімі киномеханиктердің жұмысына бақылауды күшейтіп, олардың кинофильмдерді колхоздарға жоспар бойынша алып барып, сапалы көрсетіп отыруын қамтамасыз етсе екен.

**Д. МӘЖЕНОВА,**

**Колхоз үгітшісі.**

## ҚХР-ДЕ КҮЗДІК БИДАЙ СЕБУДІҢ АЯҚТАЛУЫ

ПЕКИН, 20 декабрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабар етуіне қарағанда, Қытайда күздік бидай себудің мемлекеттік жоспары орындалған. 23,3 миллион гектардан астам бидай себілді. Солтүстіктен гөрі климат жағдайына байланысты өнімді көп беретін Оңтүстік провинцияларда күздік бидай себу едәуір ұлғайтылды.

Шаньдун, Хенань, Шэньси, Шаньси мен Сеуань провинцияларында 4,8 миллион гектардан астам жерге таңдаулы тұқым себілді.

Көптеген аудандарда қазірдің өзінде бидай жақсы көктеп келеді.

## ФРАНЦИЯ ҰЛТТЫҚ ЖЫЙНАЛЫСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚОРҒАНЫС КОМИССИЯСЫ ПАРИЖ КЕЛІСІМДЕРІН БЕКІТУГЕ АҚЫЛ БЕРЕТІН БАЯНДАМАНЫ ҚАБЫЛДАМАЙ ТАСТАДЫ

ПАРИЖ, 16 декабрь. (СОТА). Кеше Ұлттық жыйналыстың ұлттық қорғаныс комиссиясының мәжлісі болып, онда Париж келісімдері туралы мәселе бойынша премьер-министр Мендес-Франс пен ұлттық қорғаныс министрі Тампль сөз сөйледі. Газеттердің хабарлауынан белгілі болғанындай, Мендес-Франс Париж келісімдерін қызу қолдап, сыртқы істер комиссиясының жуық арада болып өткен мәжлісінде өзі келтірген дәлелдерін қайтадан келтірді.

Бүгін ұлттық қорғаныс комиссиясында Лондон мен Париж келісімдерін бекітуге ақыл беретін Лустоно—Лаконың баяндамасы бойынша дауысқа қою болды. 11 дауысқа қарсы 21 дауыс алып, комиссия бұл баяндаманы қабылдамай тастады.

## МАЛАЙЯДАҒЫ ҚАТТЫ НӨСЕР ЖАУЫН

ПАРИЖ, 18 декабрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі Сингапурдан былай деп хабарлайды:

Малайяның оңтүстігінде 10 күн бойы тоқталмастан қатты нөсер жауын жауған, ол қазірде тоқталған жоқ, тасқын күшейе түсуде.

16 декабрьде түнде Сингапурдағы құтқарушы командалар үздіксіз жұмыс істеп, тасқынның құрбандықтарын құтқарды. Мектеп пен қоғамдық мекемелердің үйлері лық толтырылған. Баспанасыз қалғандардың саны барған сайын өсе түсуде.

Оңтүстік Малайяның көптеген аудандарын өзендердің тасыған сулары қаптап кеткен. Малайя федерациясы армиясының көптеген батальондары құтқару жұмыстарына қатысуда.

Қатты нөсер жауын Сингапур портының жұмысын әлсіретті, кемелерді жөнелтуді бөгеп, жүктерді түсіруге кедергі келтірген.

нақтаған көпшілікке не болған Аденауэр елдің пікірін бұрмалауға мүмкіндік алып отыр. Ол Германия компартиясының өкілдерін бундестагтан шығартып, компартияға қарсы арандатушылық сот ұйымдастырды, сөйтіп, ол террор жасау арқылы Батыс Германияның барлық патриоттық күштерін қорқытуға тырысуда. Бундестагта Париж келісімдеріне оппозиция жасап отырған бір ғана партия—ГСДП ғана қалған.

Алайда, Аденауэр үшін қолайлы болып көрінген жағдайға қарамастан, ол 15 және 16 декабрьде Париж келісімдерін бекіту туралы мәселе бірінші рет талқыланған кезде бундестагқа күшті күрес басталуына бөгет бола алмайды.

Бұл келісімдерді бекітуге тырысып, бонндық канцлер көрнеу алдайтын амал

көмектесті. Ол жапон экономикасының ССРО мен және Қытаймен дәстүрлі сауда байланысынан айырды. Оның орнына АҚШ Жапонияға өз товарын қаптатып жіберіп, жапон өнеркәсібін тоқтатып отыр.

Жапонияның өмірлік мүдделерін қорғауға еңбекші жұртшылық қатарға тұрды. Соңғы жыл ішінде елде бұқаралық ереуіл қозғалысы тоқтатылған жоқ, оған қатысушылар экономикалық талаптарға шектелместен, Иосида кабинетінің орнынан түсуін және парламенттің таратуын талап етті. Жапония халықтарының барлық топтары да бейбітшілік саясатын талап етуде. Ішкі және сыртқы саясатта американдық «қамқорлықтан» бас тартуды, Жапонияның мүдделеріне сай экономикалық байланыстар құруды талап етуде.

суде. Бұл халықтар американ чанкайшилік договорды да, сонымен бірге Қытайды ежелден бергі жері Тайвань аралы мен Пэнхуледао (Пескадор) аралдарын АҚШ қарулы күштерінің оккупациялауын да айыптауда. «Бірнеше колониялдық батыс державаларының Қытайды бөлшектеп, оның тағдырын шешетін күндері келмеске кетті,—деп хабарлайды Синьхуа агенттігі. Қытай халқы—күшті халық. Тайваньды азат етумен Қытайдың бұл бөлігі жайында қандайын болмасын саяси келісім жасауына мүмкіндік бермеуге оның күші әбден жетеді».

Бостандық сүйгіш барлық халықтар біртұтастықпен өздерінің тәуелсіздігін қорғап тұрған ұлы қытай халқын қолдауда.

**А. ШАТИЛОВ.**

## УРУГВАЙ- СОВЕТ ДОСТЫҒЫНЫҢ АЙЛЫҒЫ

МОНТЕВИДЕО, (СОТА). Монтевидеода Уругвай - Совет достығының айлығы басталды, оны мәдениет байланысының Уругвай -Совет институты ұйымдастырды. Айлықтың ашылуында РСФСР Оқу министрінің орынбасары П. В. Зимин сөз сөйлеп, ССРО-дағы білім алу системасы туралы айтты.

Айлық кезінде ЮНЕСКО-ның 8-інші бас конференциясына қатысатын делегацияның құрамында Монтевидеоға келген ССРО өкілдері, Уругвайдың мәдениет және искусство қайраткерлері баяндамалар жасайды. Уругвайдың жұртшылығы Совет Одағының өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және мәдениет саласындағы жетістіктері туралы баяндайтын фотосурет көрмелерімен танысады.

**Редактордың орынбасары**
**Ғ. НҰРМОЛДИН.**




## Киноларда

**«УДАРНИК» кинотеатрында**

**«ЕРІКСІЗ НЕКЕ»**

Сеанстар сағат 6-40, 8-20 және 10-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында**

**«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»**

Сеанстар сағат 5, 6-30, 8-30 және 10-да басталады.


**БАРЛЫҚ АЗАМАТТАРДЫҢ ЕСІНЕ**

1954 жылғы декабрьдің 25-нен 31-не дейін Петропавл қаласындағы колхоз базарында жаңа жылдық мереке алдындағы сауда өткізіледі, оған қаланың барлық сауда ұйымдары қатысып, өнеркәсіп және азық-түлік товарларының көптеген түр-түрлерін сататын болады.

Жаңа жылдық саудаға қатысу үшін облыстың колхоздары, совхоздары, колхозшылары, жұмысшылары мен қызметшілері шақырылады.

«Петропавловскзаготстрой» тресіне құрылысшы инженерлер мен техниктер, құрылыс машиналарымен таныс инженерлер мен техник- механиктер, автомобильші инженерлер, техник- механиктер КЕРЕК.

АДРЕС: Красноармеец көшесі, 1-үй, кадр бөлімі.



РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылы өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады

УШ 02921. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.